«Кино өнерінің қоғаммен және адаммен тығыз байланысын, оның көрерменге берер тәрбиелік-тәлімдік функциясын зерделей отырып және қандай кейіпкері болмасын оның экран алдындағы болмысын шынайы бедерлеуге күш салып жүрген актерлердің шығармашылық ізденістерінен, олардың экран алдындағы сөз саптауы мен мінез-құлқынан, әрекет қимылынан бүгінгі өскелең ұрпақтың бейнесін көруге болады» [1, 11 б.]. Расында да қазақ кино өнерінің тарихындағы алтын кезеңнің жарқын өкілдері Ш. Айманов, М. Бегалин, А. Қарсақбаев, Ш. Бейсембаев, С. Қожықовтардың шығармашылығындағы ер адам бейнесі мен қазіргі заманауи қазақ көркемсуретті киносындағы ер адам бейнесінің арасындағы байланысынан бүгінгі ұрпақтың да бейнесін аңғаруға болады. Кейіпкердің киношығармадағы бейнесі оның жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, өзіне тән мінез-құлығы мен іс-әрекеті арқылы жүзеге асады.

Ұлттық менталитет дегеніміз әр елдің салт-дәстүрі мен тіл ерекшелігі, рәсімдері, мінез-құлқы мен наным-сенімінің шынайы көрінісі. Мәдениет кеңістігінде кеңінен қолданылады, өзге халықтар танымына тікелей ықпал ететін тарихы терең ұғым. Режиссерлер шығармашылығындағы қазаққа тән мінез-құлық пен ұлттық менталитетті тығыз байланыстыратын тағы бір компонент – ол ұлттық болмыс. Ұлттық болмыс дегеніміз – өзге елдің өкілдеріне айрықша көрінетін белгілі бір халықтың ерекшелігі. Ұлттық болмыс пен ұлттық менталитет бір-бірімен тығыз байланысты. Осы ретте Б.Ф. Поршнев былай дейді: «Ұлттық болмыстың ядросы – «біз» ұғымының жеке немесе ұжымдық деңгейі. Материал алғашқы қауымдық қоғам өмірінде ғана емес, әртүрлі тарихи кезеңдерде де көрінеді. Кейде, тіпті, «олар» деген ұғым болса да, «біз» ұғымы жоғалып кетеді. «Олар» – «біз» емес немесе керісінше, «біз» – «олар» емес» [2, 12 б.].

1960-1970 жылдардағы және бүгінгі қазақ көркемсуретті киносындағы ер адам бейнесінің арасында айырмашылық та, ұқсастық та кездеседі. Қазақ кино өнерінің тарихында өжет, батыл, батыр кейіпкерлерімен қоса жеңілген, әлсіз, жалған намысты ер адамның бейнесі де бар. Тарихи оқиғаларды суреттейтін фильмдерде, тиісінше нар тұрғалы, кесек мінезді батырлардың бейнесін ұсынады. Осы ретте Ш. Аймановтың «Махаббат туралы аңыз» фильміндегі (1954) кейіпкерлердің кескін-келбеті, бейнесі түпнұсқадан алшақтамауға тырысқан. Мәселен, ертедегі (XII-XIII) қазақтардың киім үлгілері мен әдет-ғұрпы фильмде көрініс табады.

1950 жылдардың екінші жартысынан бастап қазақ киносының тарихында кейіпкер бейнесі тұрғысынан тың өзгерістердің орын алғаны көпшілікке белгілі. М. Бегалиннің «Оның уақыты келеді» (1957) фильміндегі Шоқан Уәлихановтың (Нұрмұхан Жантөрин) бейнесі – аталған өзгерісті енгізушілердің бірі. Ғалым, ағартушы Ш. Уәлихановтың өмір жолына арналған бұл тарихи ғұмырнамалық фильмнің қазақ киносының «алтын қорынан» орын алғаны сөзсіз. Кинотанушы Бауыржан Нөгербек өзінің «На экране «Казахфильм» атты кітабында сол кезеңдегі ресейлік және отандық кинотарихшыларының фильм туралы ойларын сараптай келе былай дейді: «Қазақ кино өнерінің тарихында алғаш рет дәстүрлі кеңестік тарихи-биографиялық жанрдағы фильмдерде интеллектуалды кейіпкер пайда болды. Идеялық тұрғыда кейіпкердің басты ерекшелігі өзінің мінез-құлқының арқасында жарқын болашаққа деген күресін көрсетті» [3, 49 б.].

Расында да, тарихи тұлға Ш. Уәлиханов арқылы қалың көрермен ағартушылықтың қыр-сырын түсінуге қызыға бастады. Шоқан Шыңғысұлының ғылымға көңіл бөлуі оның отансүйгіштік қасиетін

арттыра түсті. Мысалы, фильмде өзінің үйіне оралған сәттегі дастархан басында әкесімен тілдескен диалогы бар. Ғылым жолында шет жүрген баласына алаңдаған әкесі бірнеше сұрақ қояды. Киім үлгісінен бастап сөйлеу мәнеріне дейін аса мән берген әкесі өзгерген баласын қабылдай алмайды. Қашқарияға жасаған саяхатын сынға алып, бар атқарған жұмысына күмәнмен қарап, қолдау көрсетпейді. «Түптің түбіне келгенде ол жақ саған не үйретті?» деген сұрақ қояды. Сол кезде Шоқан Шыңғысұлы: «Әділдік пен шыншылдыққа үйретті», - дейді.

Шын мәнінде, қай елде, қай жерде жүрсек те, ең басты құндылығымыз – әділдігіміз мен адалдығымыз бізді алға жетеледі. Отыз жылдық ғұмырын ағартушылыққа арнаған Шоқан Уәлихановтың бейнесі – қазақ қоғамындағы ер адам бейнесінің үлгісіне айналып отыр. Кеңестік кезеңде түсірілген бұл тарихи-биографиялық фильм белгілі этнограф әрі саяхатшы Ш. Уәлихановтың қызметтік өмірін баяндап қана қоймай, шыншылдыққа да жетелейді. Киношығармадағы басты кейіпкердің бейнесі ер адам бойындағы ержүректілікті көрсетеді.

Шәкен Аймановтың «Бір ауданда» (1960) фильмінің басты кейіпкері Сабыр Баянов (Шәкен Айманов) қазақ қоғамындағы орта жастағы ер адамның бейнесін сипаттайды. Ер адамның бойынан әрқашан табылуы керек қасиеттердің бірі – қызметте де, отбасында да, дос-жараның арасында да сыйлы болуға деген ұмтылысы көрсетіледі. «Бір аудандағы» Сабыр Баянов бейнесі арқылы сол кездегі халықтың ішкі психологиялық жай-күйі мен сыртқы әлеуметтік жағдайына үңіле аламыз. Аудан басшысы Сабыр Баяновтың ішкі мұңы сол уақыттағы халықтың кеңес үкіметіне деген наразылығын тудырушы фактор ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бір қарағанда бейбіт өмір сүріп жатқан аудан халқының тыныштық пен қақтығыс, үміт пен күдік, ескілік пен жаңашылдық арасындағы арпалысын көрсетеді.

Идеялық көзқарастары әрқилы, ара қатынасы өзара қақтығысқа толы аудан басшысы Баянов пен белсенді жас буын өкілі Дүйсен Бектасовтардан (Асанәлі Әшімов) 1960-1970 жылдардағы қазақ киносына тән типтік бейнелерді көреміз. Бұл – ұрпақ сабақтастығы арасындағы сызаттың пайда болуы. Орта және жас буын өкілдерінің ойлау қабілеті, таным кеңістігі әртүрлі екеніне байланысты түсініспеушіліктердің туындауы заңды. Д. Бектасов пен С. Баяновқа тән ортақ ұқсастық – екеуі де ел болашағы үшін алаңдайды. Ұлт тағдырына бей-жай қарамайтын намыстың болуы – ер адам бойынан табылуы керек ең басты қасиеттің бірі.

Кинотанушы Нәзира Рахманқызы өзінің «Шәкен Айманов фильмдеріндегі көркемдік тартыс» деп аталатын ғылыми зерттеу мақаласында екі көзқарастың қақтығысын, өзара тартысын фильмдегі

мына бір диалогтар арқылы кеңінен талқылайды. Мақалада бұл диалог былай беріледі:

«С. Баянов: Қателесесің, қымбатты Александр Михайлович! Мақаланың маған, менің мақалаға ешқандай қатысымыз жоқ. Оның үстіне мен бұл мақалаға аудан басшысы ретінде қарсымын. Иә, қайталаймын, қарсымын! Тіпті, бюро жолдас Бектасовтың ұстанымымен келісіп отырса да. Маған партияның мал шаруашылығына қатысты мәселелерге кесірін тигізіп отыр деген ауыр айып тағылды. Бюро мені әрі қарай ауданды басқара алмайды деп отыр.

А. Крылов: Солай ма?

Айша: Қалайша, сол мақала үшін бе? Сабыр? Дүйсен?

Д. Бектасов: Мәселе мақалада емес.

С. Баянов: Сонда неде болыпты?

Д. Бектасов: Барлығына өзіңіз кінәлісіз, Сабыр аға. Бюрода көрсеткен қылықтарыңыз, мінезіңіз...

С. Баянов: Менің мінезім ұнамайды екен бұларға. Өйткені, бос сөзді жаным жек көреді.

Әбіш: Сабыр, мақала ұнады емес пе (Александр Михайловичті көрсетіп)? Маңызды мәселе.

С. Баянов: Ол жергілікті жағдай туралы не біледі? Саша, біздің аудан туралы не білесің? Ал айтшы.

А. Крылов: Енді... Аз білемін, мойындаймын…

С. Баянов: Міне бәрі осылай. Білмейді, бірақ, іске араласады.

А. Крылов: Алғабас ауданының «пекин» үйректерінен бас тартқаны рас па?

С. Баянов: Иә, бас тарттық. Ол үйректердің бізге қажеті жоқ. Біздің аудан асыл тұқымды қой өсіреді. Ең жақсы жүн де бізде.

Әбіш: Ең жоғарғы сапалы сүтті де біз береміз.

А.Крылов: Аудандағы қойдың саны қанша?

Әбіш: Жүз елу мың.

А. Крылов: Мемлекетке жылына қанша ет өткізесіздер?

С. Баянов: Бір жарым мың тонна.

А.Крылов: Олай болса, жыл сайын елу мың қой етке өткізіледі. Әрине, егер олар етті, қоңды болса ғана. Солай емес пе? Мұндай қойды өсіру үшін қанша уақыт кетті? Ең аз дегенде, екі жыл қажет болады. Ал бес жүз мың үйректің етінің салмағы елу мың қойдың салмағымен бірдей.

С. Баянов: Олармен кім айналысады? Қарт Атабай, әлде Смағұл ма? Әлде Айша ма? Мүмкін, мені өтінесіңдер?

Д. Бектасов: Адамдарды табамыз. Жастарды шақырамыз. Әйелдер көмектесетін болады.

С. Баянов: Әрине, сіздер табасыздар. Бүгін үйрек, ертең қоян, ал бүрсігүні шошқа асыра деп бұйырарсыңдар, мүмкін. Қалауың осы ма?

Д. Бектасов: Неге өсірмеске?

С. Баянов: Өйткені, біздің ауданда тұратын жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі – қазақтар. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан өзіміздің салт-дәстүріміз бар. Оларды сыйлау керек.

Д. Бектасов: Мен де осы жерде туып-өстім. Бірақ, сіз екеуіміз оны әрқалайша сүйеді екенбіз және түсінеді екенбіз.

С. Баянов: (мырс етіп): Міне, міне! Әрқалайша!

Д. Бектасов: Сіз, мысалы, шопан үшін ең жақсы өмір қой бағу және жыл бойы киіз үйде тұру деп есептейсіз. Ал мен басқа өмір бар деп отырмын. Болуы тиіс! Бізге ендігі жерде аталарымыздың романтикасы қажет емес!

С. Баянов: Барлығынан бас тартқаның, безінгенің ғой!

Д. Бектасов: Иә, солай! Біздің мәдениетті әрі бақытты өмір сүруімізге кедергі жасайтын барлық жағыдайдан бас тартуымыз керек! Тіпті, ішіңіз ашып тұрса да, бас тарту қажет! Менің таңғалатыным – сіз ақылды адам, коммунист бола тұра, осыны түсінгіңіз келмейді.

С. Баянов: Сенің жүрегіңде қасиетті ештеңе де қалмағанына таңғалып отырмын. Халықтың дәстүрлері де, оның ұлттық ерекшеліктері де сен үшін маңызды емес. Ештеңе де! Бәрін ұмытыпсың! Барлығын!

Д. Бектасов: Жоқ, ұмытқан жоқпын! Мен тек дәстүріміздің барлығын сіз екеуміз коммунизмге алып бара аламыз ба деп ойлаймын. Екеуміздің қайсымыздікі дұрыс екенін уақыт көрстеді.

С. Баянов: Уақыт емес, халықтың өзі дәлелдейді. Сен өзіңнің халқыңды білмейді екенсің.

Д. Бектасов: Меніңше мына сіз білмейсіз халқыңызды. Шынтуайтына келгенде, тіл тигізіп отырсыз. Айналаңызға қараңыз, әлемге көзіңізді айқара ашыңыз. Адамдар ғарышты игеріп, атомдық мұзжарғыштар салып жатыр. Ал сіз қаусаған, ескі киіз үйден айырылғыңыз келмейді» [4, 28-30 бб.].

Кинотанушы Нәзира Рахманқызы фильмнің дәл осы сәтін кеңінен талдай келе: «Шын мәнінде, кеңес өнері мен әдебиетінде «қызыл цензураның» қайнап тұрған кездің өзінде кейіпкерлер тарапынан (әсіресе, Баяновтың) экраннан дәл осы сөздерді айтқызу Шәкен Айманов болмысының кесектігін айқын дәлелдейді» [4, 84-85 бб.] дейді. Расында да, Сабыр Баянов бұл кикілжіңде жеңілдім деп бас изегенімен, оның ішкі жан-дүниесінің наразылығын фильмдегі соңғы кадрлар суреттеп береді. Назира Рахманқызы панорама арқылы түсірілген тылсым табиғаттың көрінісі Сабыр Баяновтың өз өміріндегі

аса бір қымбат дүниемен қоштасып тұрғандай оқылады деген пікірімен бөліседі. Шынымен де сол бір аса қымбат дүниенің бірі – ұрпақ сабақтастығы. Сабыр Баяновтың даналығы өзінен кейінгі ұрпаққа – Д. Бектасовқа жол беруінде болып отыр. Бектасов екеуі арасындағы өмір жайлы көзқарастары екі түрлі бола тұра, Сабыр Баянов үлкендік ізетін танытты.

1960-1970 жылдардағы қазақ киносының «алтын қорына» енген фильмдердің ұқсастығы – олардың барлығында кездесетін қандай да бір қақтығыстың орынды әрі көркем суреттелуінде. Мәселен, М. Бегалиннің «Оның уақыты келеді» фильмі мен Ш. Аймановтың «Бір ауданда» фильміндегі басты кейіпкерлердің қақтығысы, ішкі наразылығы, оқиғаның өрбуі ұқсас келеді. Мысалы, екі фильмдегі Сабыр Баянов пен Шоқан Уәлихановтардың бейнесі – қазақ қоғамындағы үлгілі, парасат пайымы жоғары ер адамдардың бейнесі. Ш. Уәлихановтың өмірі арқылы мыңдаған көрерменнің ойына сан сауал қалдыра білген «Оның уақыты келеді» фильмінің белгілі классик режиссер М. Бегалиннің шығармашылығында алатын орны ерекше. Нұрмұхан Жантөриннің сомдауындағы Шоқан Уәлиханов ақсүйектердің бейнесін еске түсіреді. Ал Ш. Аймановтың «Бір ауданда» фильміндегі Сабыр Баяновтың бейнесі өзінің даналығымен есімізде қалды.

«Қазіргі заманғы мәдениеттегі ер адам бейнесін төрт типке жатқызамыз. Бірінші, табандылық қасиеті басым, екінші ер мен әйел арасындағы теңдікке (феминист) көзқарасы бейім, үшінші екіжақты бағытты ұстанушы, соңғысы – өзіндік ойы толығымен қалыптаспаған ер адам бейнелері. Бірінші типке үздік фермер, мінсіз тұлғаны суреттейтін кейіпкер бейнесін айтамыз. Екіншіге, инфантилзм мен сентиментализмге шалдыққан ер адам бейнесін, үшіншіге қарапайым, жағдайы орта азаматтарды қоссақ, соңғысына жалқау әрі ынжық, ішімдікке әуес кейіпкерлерді жатқызамыз» [5, 5 б.].

Қай киношығарманы алып қарасақ та, міндетті түрде кездесетін батыр мінезді ер адамға қарсы келетін жағымсыз кейіпкерлер бар. Ш. Аймановтың «Дала қызы» фильміндегі Малбағар (Жағда Оғызбаев) – байлық құмар, ынжық, мінез-құлқы жағымсыз кейіпкер. Фильмдегі қақтығыстың тууына себепші Малбағарды салыстырмалы түрде алып қарасақ, біздің қоғамдағы материалдық құндылықтарды биік қоятын, дүниеқоңыз, айлакер адамның бейнесін көз алдымызға әкеледі. Озбырлығымен көзге түскен Малбағарға кереғар болған Ақтанбайдың адамгершілігі мен көрегендігін байқаймыз. Қазаққа тән сабырлылық пен азсөзділіктің астарында дұрыс тәрбиенің жатқандығы, мінез-құлықтың көркемдігі көрінеді. Қалың көпшілікке үлгі ретінде берілген бұл Ақтанбай болмысының жағымды тұстары басым. Малбағар мен

Ақтанбай бейнелері ер адам бойындағы ішкі қақтығыстарды суреттейді. Әрбір адамның ішінде позитивті және негативті ойлардың күресуі, эмоцияны сыртқа шығару қаншалықты маңызды екенін ұғындырады. Егер ер адам өзінің ішкі жай-күйін, күйзелісі мен уайымын немесе қандай да бір қуанышы мен жетістігін өзгелер жеткізер болса, ең алдымен Ақтанбай кейіпкер секілді салқынқандылық танытып, ақылға жүгінуі тиіс. Ер адамның мінез-құлқын көрсететін негізгі факторлардың бірі – ақыл.

Кинотанушы Н. Рахманқызы өзінің «Қазақ киносындағы әке бейнесі» мақаласында «Тұлпардың ізі» фильміндегі қарт Танабай мен ұлы Тұрар туралы былай дейді: «Тұлпардың ізі» фильмінде әке мен бала болмысының арасында рухани алшақтық жатқанын жоғарыда айтып өттік. Яғни баласы әке ұстанған дала заңына қарсы шықты, қасындағы серігін боранды түнде жалғыз қалдырып кетті. Баласының қорқаулығы, сатқындығы мен ездігі әке болмысына, дүниетанымына тым жат, тым бөтен. Әке – балаға сыншы. Әкесі Тұрарға сынап қарайды. Іштей тынады. Әке тарапынан айтылып жатқан артық сөз жоқ. Бірақ актердің бет-жүзінің, көзқарасының, қас-қабағы мен қимыл-қозғалысының өзінде-ақ барлығы сайрап жатыр» [6].

Қазақ қоғамына тән ұяңдық, аз сөзділіктің астарында рухани алшақтықтың барын байқамыз. Әкені қас қабағынан түсіну принципі әр балаға әртүрлі әсер ететінін ескерсек, есейген Тұрардың есті әрекеті қатаңдықпен ғана өлшеніп қалды. Тереңіне үңілсең астарын таба алмай қаласың, ал әке бейнесіндегі бір ғана көзқарастың өзі іштей тынуды айрықша суреттеп берді.

Белгілі режиссерлер Ш. Айманов, М. Бегалин, А. Қарсақбаев шығармашылығындағы ер адам бейнесі табиғатынан батыр, өжет, күресшіл ұрпақ ретінде көрсетіледі. Кейіпкері арқылы өзінің көзқарасын білдіру, ішкі жан толғанысын көрсету 1960-1970 жылдары түсірілген, соның ішінде Абдолла Қарсақбаевтың тарихи-революциялық жанрындағы фильміндеріне тән негізгі ерекшеліктердің бірі екенін айтуымыз керек. Мысалы, «Даладағы қуғын» (1979) фильміндегі хронологиялық уақытты алып қарасақ, әр кейіпкердің өз дәуіріне тиесілі айырмашылығын көрсетеді. Хамит – аңғал кейіпкер, аққөңіл, бұйрықты бұлжытпай орындайтын тәртіпті адам. Оны елін сүймейді, өзгелерге қарсы шығады не болмаса сатқын деп жазғырудың еш қажеті жоқ. Хамит бейнесін сомдаған белгілі актер Досхан Жолжақсыновтың ішкі энергиясы, жастық жалыны кейіпкерінің қызбалығын, ызасын, намысын жеткізе алды.

«Даладағы қуғын» фильміндегі кесек бейненің бірі деп Құдірені айта аламыз. Бірі жағымды, бірі жағымсыз кейіпкерлердің бейнесі де

диалогтар арқылы ашылады. Төменде Ақан шал пен Құдіре арасындағы әңгімеден мысал келтірсек.

Ақан шал: Шашымның ағын сыйласаңшы.

Құдіре: (сәл ойланып) Қымыз ішкім кеп тұр. Шаштың ағын сыйлап, сөзге тоқтауы – қазақ жігітіне тән мәрттік пен тектіліктің көрінісі.

Құдіре: (қымыз ішіп болған соң) Жарайды. Бір жолға аядым сені. (Кетіп бара жатып бұрыла қап, дастарханда ғы кесені атып түсіреді. Сейсенбаев жылайды)

Құдіре: (қарқылдап күліп) Өкіметтің жылағанын көрсем, рахаттанам. Бейшаралар! Жылайды.

Қырғыз актері Әшір Шоқыбаев сомдаған Құдіре бейнесі еркіндікті қалайтын есті кейіпкер. Еркін деп айтуымыздың себебі ол үкіметке бағынбайтын қарсылық таныта білді. Шынымен де, «Қилы кезең», «Даладағы қуғын» фильмдеріндегі кейіпкерлердің болмысынан қазақилықтың иісі аңқып тұрады, қазақ кино әлеміне талантты актерлер келе бастайды. Бұл – кеңестік кезең цензурасының сүзгісінен аса ұқыптылықпен өткен, кейіпкерлердің терең психологиялық бейнесін қалыптастыра алған фильмдердің бірі.

Қорыта айтқанда, 1960-1970 жылдар аралығында жарық көрген көркемсуретті кинофильмдердегі кейіпкер бейнесінің қазіргі көрерменге берері көп. Классик режиссерлердің шығармашылығындағы қай фильмі болмасын, өз заманының көрінісін суреттеп бере алғанымен ерекшеленеді. Олардың фильмдеріне тән ортақ ұқсастықтың бірі деп мәңгілік тақырыптардың қозғалуын айтуға болады. Жер мәселесі, ұлт тағдыры, салт-дәстүр көрінісі, ер адам болмысы арқылы суреттелген елдің әлеуметтік жай-күйі сынды өзекті мәселелерді жеткізуі қоюшы режиссердің шеберлігін аңғартады. Алайда сол жылдарға тән цензураның көп тақырыпты ашық айтуға мүмкіндік бермегені белгілі. Дегенмен көптеген фильмдерде бұл мәселелер кейде кейіпкердің көзқарасымен, іс-қимылымен немесе қарапайым детальдың көмегімен-ақ айтылған еді. Ол шығармалар ең алдымен өз ұлтына деген шын жанашырлықтың көрінісін суреттейді. Әр кейіпкердің оғаш қылығының артында оны ақтап алуға тұрарлық іс–әрекеті дайын тұрады. Жоғарыда аталған кейіпкерлердің бейнесі олардың ішкі психологиясымен тығыз байланысып жатыр. Ал бұл ер адам бейнесі мен ұлттық менталитет арасындағы тығыз байланысты анықтауға көмектеседі.

1960-1970 жылдарғағы қазақ киносына тән жаңалықтардың бірі – фильмнің идеялық мазмұнының трансформацияға ұшырауы болды. Фильмде кейіпкер психологиясы арқылы берілетін тәсіл – оңтайлы шешім деп есептелді. Бұл сол уақыттағы цензураға деген қарсылықтың

бір көрінісі еді. Есесіне жылымық кезеңін қамтитын бұл фильмдерге тән ортақ қасиет – шынайылық болды. Ал бүкпесіз шындық әрқашан өз көрерменін табатыны анық.

Жалпы кейіпкер бейнесінің түрлі өзгеріске ұшырауы уақыт тұрғысынан алып қарағанда заңды құбылыс. Әсіресе қоғамның әлеуметтік және саяси жағдайын сипаттайтын, идеологияны көрсететін бірден-бір дәлелі – кинематография саласы. Кино әлеміндегі кейіпкерлер үлкен бір ұжымның көрінісін сипаттап қана қоймай, ер адам бейнесі немесе әйел адам бейнесі болсын, әрқайсысының айтар ойы мен идеологиялық бағытта атқаратын қызметі бар. Осы тұрғыдан алып қарағанда, 1960-1970 жылдардағы қазақ киносындағы ер адам бейнесі мен ұлттық менталитеттің көрінісі, оның атқаратын маңызы орасан зор.

Әдебиеттер:

1 Туякбаева А. Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың көрінісі // 6D040600 «Режиссура» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 2018

2 Ногербек Б. На экране «Казахфильм». – Алматы: RUAN, 2007

3 Орлянский С. Трансформация образа мужчины в современной культуре // Кандидатская диссертация на соискание научного звания кандидата философских наук. – Москва: 2004

4 Рахманқызы Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін. – Астана: Фолиант, 2017

5 Исакова И.Н. Теория литературы: Анализ художественного произведения // Лингвокультурологический тезаурус «Гуманитарная Россия». – Москва: ООО «ОСЗ» по заказу Федерального Агенства по образованию, 2009

6 Рахманқызы Н. Қазақ киносындағы әке бейнесі // «Қазақ әдебиеті», 4 наурыз, 2016

Kurmangaliyev Yerkebulan
Mukusheva Nazira

FEATURES OF CAMERA MOVEMENT IN THE FILM «BRAVE THOUSANDS OF CHILDREN»

Құрманғалиев Е.У.
Мұқышева Н.Р.
өнертану кандидаты, профессор

«ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛА» ФИЛЬМІНДЕГІ КАМЕРА ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ киносы – ұлттық құндылықтарымызды айшықтайтын өнер әрі патриоттық рухтың қайнар көзі, рухани болмысымыздың айнасы іспетті. Әсіресе, соңғы он-он бес жылда түсірілген патриоттық сипаттағы фильмдер еліміздегі кино өнерінің абыройын асқақтатып, көрермен санын едәуір арттырды. Қазақ киносына деген үмітті көзқарасты, оң имиджді қалыптастырды. Осы ретте бұл фильмдерді түсіруге тікелей атсалысқан операторлардың еңбегін жоққа шығара алмаймыз.

Операторлардың кәсіби шеберлігі мен тәжірибесі фильмдерден анық көрінеді. Осы мақалада жастарды отансүйгіштікке баулитын, Тәуелсіздік жылдарында жарыққа шыққан, патриоттық рухты оятатын фильмдердің бірі – «Жаужүрек мың бала» фильміндегі камера қозғалыстарының ерекшеліктері қаралады. Операторлардың кино түсіру барысындағы батыл қадамдары бағаланады және ондағы камера қозғалысының ерекшеліктері талданады.

Кинодағы операторлық өнер және оның маңызы туралы аз зерттеліп, айтылып жүрген жоқ. Бұл мәселе кино пайда болғалы талай зерттеушінің еңбегіне арқау болды. Дегенмен әлі де зерттеуді қажет ететін маңызды тақырып. Себебі, операторлық өнер – күрделі әрі қызықты өнер, ондағы түрлі детальдар мен қозғалыстың өзі ғылыми зерттеулерге арқау болары сөзсіз.

Белгілі ресейлік кинорежиссер *Вадим Абдрашитов:* «Оператор – экрандық бейне мен кино-видео фильмнің мәнін келтіретін маңызды маман. Фильмнің стилі мен жанрын айқындау операторлардың жұмысы мен шығармашылық шеберлігі арқылы жүзеге асады. Олардың ең жақсы туындылары – кинематографияның жоғары жетістіктері» деген тұщымды пікірін айтқан болатын [1]. Кинорежиссердің бұл сөзі ақиқат деп пайымдаймыз. Себебі шын мәнінде фильмнің сапалы немесе сапасыз шығуы, тартымды немесе қызықсыз болуы оператордың қарым-қабілетіне, тәжірибесі мен тәліміне, тапқырлығы мен көрегенділігіне тікелей байланысты болмақ.

«Оператор – шығармашылық мамандықтың бірі. Оның көмегімен қозғалмалы сурет пленкаға түсіріледі және сол түсірілім аппаратына жауапты маман. Оператор фильмнің визуалды шешімі мен кескіннің фотографиялық сапасына жауап береді, сонымен қатар арнайы эффекттер жасауға тікелей қатысады» [2]. Нақтырақ айтсақ, оператор – бұл жарықтандырудың экспрессивті мүмкіндіктерін білетін, кинотеатрлар мен оптика құралдарын, сондай-ақ қосалқы камера жабдықтарын, яғни вагонеткалар мен крандарды, стедикамдар және тағы басқа құралдарды жетік меңгерген маман.

Қазақстандағы кинооператорлық өнер ұлтты кино өнерімен бірге дамыды. Ал Тәуелсіздік алған жылдардан бастап жаңаша мазмұнға ие болды. Сонымен қатар, кино саласының менеджерлеріне берілген мүмкіндік пен заманауи технологиялардың, киноаппараттардың мүмкіндіктері шығармашылық топтардың шабытын одан сайын шыңдай түсті. Тарихи, ұлттық құндылыққа толы, рухани бай фильмдердің дүниеге келуіне себеп болды. Соның бірі – «Жаужүрек мың бала» көркем фильмі. Бұл қазақ халқының асыға күткен тарихи фильмі болды. Онда қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлікпен күрескен ерлігі баяндалады. Тарихи оқиға XVIII ғасырдың бірінші жартысын қамтиды. Сол кезде қазақ жасақтары бірігіп, басқыншыларға тойтарыс беріп, майданда шешуші жеңістерге жеткен көріністері бейнеленеді. Фильм желісі бойынша, осы соғыста ел үшін күрескен жауынгер ер-азаматтар қатарында жаужүрек Сартай батыр да ту көтеріп, өзі қатарлас өрімдей жас сарбаздарды жорыққа бастап шығады. Мың бала атанған Сартай жасағының табандылығы, ұлттың болашағы үшін жас басын өлімге тіккені көрсетіледі. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Жаужүрек мың бала» көркемсуретті фильмін 2012 жылғы қазақ киносындағы ең ірі әрі бірегей жоба деп атауға толық негіз бар. Режиссер Ақан Сатаев түсірген бұл фильм қазақ қоғамының үлкен қолдауына ие болды. Себебі, шын мәнінде патриоттық рухты оятатын құдыретке ие әрі сапалы түсірілген фильм болды. «Жаужүрек мың бала» бұған дейінгі көтере алмаған жүкті арқалауға тырысты. Аталған фильмде 99 пайыз өз еліміздің мамандары, актерлері жұмыс жасады. Басты рөлдерді ойнаған жастар – Асылхан Төлепов, Аян Өтепберген, Құралай Анарбековалар аға буын актерлер – Досқан Жолжақсынов, Төлеубек Аралбай, Болат Әбділманов, Берік Айтжанов, Нұрлан Әлімжан сынды актерлерден еш кем түскен жоқ. Фильмнің тұсауы Қазақстанда 2012 жылы 3 мамырда кесілді. Фильмнің ұраны – «Туған ел, сүйген жар, намыс үшін от кешкендер» деп аталды [3].

Ұлыбританияның кинопродюсері Пьер Спенглер: «Фильмнің сапасы, актерлердің шеберлігі үлкен әсер қалдырды. Барлығы,

эпикалық аясы, трюктері және басқа элементтері де жоғары деңгейде. Бұның барлығы көрерменді қызықтыруы керек. «Мың баланы» көрген сайын Қазақстанға баруға себеп іздеп, сонда бір фильм түсірсем деймін. Осындай сапалы кино мен үлкен әлеуетке ие қазақстандық кинематография саласының бағындырар биігі әлі алда» деп фильмге жоғары баға береді [4].

Қазақ тарихын бейнелейтін фильм тоқсан күнде түсірілді. Әуелі фильмнің түсірілімі ақпан айында Қапшағай аумағында басталды. Көктемде Шарын шатқалында, кейін Қапал-Арасан өлкесінде түсірілді. Жаз мезгіліндегі түсірілім жұмыстары Қапшағай аумағында, Таңбалы тас шатқалында жалғасты. Соңғы түсірілім жұмыстары Үлкен Алматы көлінде жүргізілді. Басты және басқа да кейіпкерлердің костюмдері фильмнің оқиғасы өтетін уақытқа сай арнайы тапсырыспен тігілген. Жоңғар мен қазақ сарбаздары үшін оқа-әшекейлер, қару-жарақтар, сауыт-саймандары мен ат-әбзелдерін отандық шеберлермен қатар, Британия, Қытай, Үндістан, Беларусь компаниялары арнайы жасаған. Тарихи әрі шынайы шығу үшін барлық реквизиттер көне үлгіде жасалған. Фильм түсіру жұмыстары басталмай жатып, барлық актерлер атқа жайдақ міну, қару-жарақтарды ұстау, садақ ату сияқты тағы да басқа көптеген өнерден дәріс алған.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде өр мінезді өжет жастар жауға қарсы шығып, ересек сарбаздармен бірге кең байтақ жері мен елін қорғауға бел буады. XVIII ғасырдың басында орын алған «Ақтабан шұбырынды» ұлы қайғысы мен қазақ халқының жоңғар халқымен болған соғысы көрініс табады. Шытырман оқиғаға толы тарихи кезеңде ерлік көрсеткен қазақтың ұл-қыздары мен батыр тұлғаларының болмысы бейнеленеді. Фильм соңында қазақ пен жоңғар тартысының аяқталуына ықпал еткен Аңырақай шайқасы көрсетіледі.

Фильм туралы тарих ғылымының докторы, профессор Қинаят Зардыханұлы: «Жаужүрек мың бала» – тарихи деректі емес, көркем фильм. Сондықтан картинада тарихи оқиғалар образды түрде берілді. Мұнда көркемдік әрлеу, мәнерлеу және сюжет бар. Тарихта нақты «Мың бала» деген оқиға жоқ. Бұл – арманнан туған аңыз. Алайда жер-жерде ауыздан ауызға тараған жырларда Сартай батыр туралы, «Мың бала» оқиғасына қатысқан адамдар туралы аңыздар бар. Негізінен «Жаужүрек мың бала» режиссердің, операторлардың, актерлердің қабілеттілігінің арқасында сәтті шықты деп ойлаймын», - деп шынайы лебізін білдіреді [5].

Фильм түсіру тек өнер ғана емес, сондай-ақ үнемі шеберлікті дамыту және киноға деген қызығушылықты арттыру үшін көп жылдық тәжірибе қажет екенін және фильмнің сапалы әрі шынайы шығуына оператордың қосатын үлесінің зор екенін жоғарыда айттық. Ал

«Жаужүрек мың бала» фильмін түсірген операторлар кино саласында өзіндік бай тәжірибесі бар кәсіби мамандар болды.

«Жаужүрек мың бала» фильміндегі камера қозғалысының түрлері мен ерекшеліктерін, қолдану аясы мен тәсілдерін талқыламас бұрын, фильм түсіру кезінде операторлардың жиі қолданатын камера қозғалысының негізгі түрлері мен олардың ерекшеліктеріне назар аударайық. Камераның қозғалысы әдетте механикалық қозғалыс түрінде сезілетін (Pedestal, Dolly және Truck) және адамның қозғалысы ретінде сезілетін (Tilt, Pan, Roll) болып екі түрге бөлінеді.

1. Dolly: алға немесе артқа жылжу. Бұл стедикамдар шықпай тұрған кезде салмағы ауыр камераларды арбаға салып жылжытып жүру үшін қолданылған, теміржолға өте ұқсас рельстерге байланысты шыққан атау. Dolly-in тіркесі затқа камерамен жақындауды білдіреді, ал Dolly-out масштабтаусыз объектімен камерадан алшақтауды білдіреді.

2. Pedestal: мұндай қозғалысты әдетте Boom, Jib немесе Crane деп те атайды. Бұл камераның жоғары немесе төмен осін өзгертпестен тік немесе көлденең жылжыту болып табылады. Оператор тіреуіштің екі түрін жасай алады: pedestal – pedestal up «камераны жоғарыға жылжыту» дегенді білдіреді; ал pedestal down – «камераны төмен жылжыту» дегенді білдіреді. Мұндай қозғалыс кезінде камера қисаймайды, бірақ лифт сияқты толығымен жоғары және төмен қозғалады. Ол үшін көбінесе арнайы операторлық, камералық крандар қолданылады.

3. Truck: dolly-ға ұқсайды, тек қозғалыс артқа және алдыға емес, оңға және солға болады. Trucking сол жаққа апару көлденең осін қозғалыс осіне перпендикуляр ұстай отырып, камераны физикалық түрде солға жылжыту дегенді білдіреді. Trucking-ті тасымалдауды панорамамен (pan) шатастыруға болмайды, мұнда объектив бір жағына немесе екінші жағына бұрылған кезде камера тік осіне бекітілген.

4. Pan (панорамалау): камера объективін бір бағытқа немесе қарама қарсы бағытқа бұру. Осы кезде камера бір орында тұрады. Оң жаққа қараңыз, сосын сол жаққа бұрылып қараңыз десе, бұл панорама деген сөз.

5. Tilt (еңкею): камера объективін жоғары немесе төмен қарату. Осы ретте объективтің бағыты өзгеріссіз қалады. Басыңызды жоғары-төмен изеу – tilt болып табылады.

6. Roll (кран): камераны бүйіріне қою – roll. Әдетте, ит жануар адамды түсінбегенде солай басын төмен салбыратады. Өте сирек орындалатын қимыл және ол тек спецификалық мақсатта ғана қолданылады.

7. Zoom сияқты камераның «қозғалыс» типіне жеке тоқталу қажет деп есептейміз. Zoom (зум) – бұл көптеген адамдар білетін камераның белгілі бір қабілет түрі. Бұл объектіні алшақтату немесе тым жақындату үшін объектінің фокустық қашықтығының өзгеруі. Қазіргі күні камералардың көпшілігінде zoom функциясы орнатылған. Кейбіреулерде zoom-ды қолмен реттеу мүмкіндігі бар және олардың басым бөлігінде zoom қызметінің жылдамдығы да сан алуан, ал көбінесе бірнеше есе үлкейту жылдамдығы бар. Zoom – бұл ең көп қолданылатын камера қозғалыстарының бірі және мұны операторлардың көпшілігі қолданады. Zoom объективтің фокустық қашықтығын өзгертеді, бұл кең бұрышты бұрмалауды немесе өріс тереңдігінің өзгеруін тудыруы мүмкін. Бұл өте табиғи емес қозғалыс. Осы себепті zoom-нан гөрі dolly-ді қолданған тиімдірек болады. Егер сізге zoom-ды қолдану қажет болса, оны өте баяу режимге қойған абзал.

Осылайша біз камера қозғалысының түрлері мен ерекшеліктерін ажыратып, қай типті қолданғанда қандай өзгеріс болатынын жіктеп алдық. Енді зерттеу нысаны болып отырған «Жаужүрек мың бала» фильміндегі камера қозғалысының түрлері мен ерекшеліктерін, қолдану аясы мен тәсілдерін қарастырайық.

«Жаужүрек мың бала» 2012 жылы жарыққа шықты. Кеңес дәуіріндегідей емес, бұл кезеңде технологиялық мүмкіндіктер зор болды. Кино түсіруге қатысушы операторлар жоғарыда аталған камера қозғалыстарының негізгі түрлерін толық меңгере отырып, оны фильм барысында кеңінен қолданды. Оған «Tokio Pioniwa film» президенті Такаши Ниваның: «Өте тамаша фильм! Көп нәрсе тарта білді, тарихи кезең жақсы бейнеленген, көрікті табиғи орындар көрсетіледі. Техникалық орындалуы мен фильм сапасы да керемет» деген пікірі дәлел болады [4].

«Жаужүрек мың баланың» қоюшы-операторы Хасан Қыдыралиев фильм тарихи жанрда болғандықтан, ашық түстерді қолданбағанын айтады. Фильмді түсіру барысында техникалық тұрғыдан айтарлықтай жаңа әдіс, құралдар, ерекше технология қолданылмаған. Тек қимыл үстіндегі актерларды түсіру қиынға соққан екен. Әсіресе атпен шауып келе жатқан адамды түсіру қиындау болған көрінеді, сондықтан түсіру тобы ақылдаса келе, Украинадан арнайы мамандарды шақырған. Олар авторобот деп аталатын құралдардың көмегімен 20 күн бойы қуғын-шайқастарды түсірген. Жалпы фильмді үш камерамен түсірген, ал көп адам қатысқан қолма-қол шайқасты алты камерамен екі топ болып жүріп түсірген екен. Операторлық жұмысты жүргізу барысында аса қиындық болмаған, шығармашылық топ жұмыс атқаруының

нәтижесінде жақсы жетістікке қол жеткізді. Бұл фильмнің сапалы шығуына септігін тигізді.

Хасан Қыдыралиевтың айтуынша, операторлар бәрін режиссермен келісіп, бекітіп барып түсірген. Қандай ракурс пен объективті қолданатындарын, яғни бәрін талқылап, кеңесіп, шешіп отырған. Фильмнің қалай түсірілгені туралы қоюшы-оператор Х. Қыдыралиевтың өзі былай дейді: «Жеке өзім, мәселен, ұзынфокусты оптиканы жақсы көремін, ол фонға ерекше рең беріп, тереңдетіп көрсетуге мүмкіндік береді. Тарихи кино болған соң ашық түстер барынша аз болсын, монохронды болсын деп айтып отырдым. Костюмдер бойынша суретшіден әлем-жәлем киімдердің болмауын өтіндім. Қоюшы режиссер екеуміз киіз үйлердің ішкі көрінісін де барынша қарапайым жасауға тырыстық» [6].

Шын мәнінде фильмнің басынан соңына дейін ашық, бояуы қанық түстерді көре алмайсың. Қолданылған бұлыңғыр түстердің өзі сол кездегі халықтың басына түскен ауыртпашылықты айшықтай түскендей болады. Фильм барысында оператор басты кейіпкерлердің көңіл-күйін, ішкі жан-дүниесін анық көрсету мақсатында объектіні үлкейтіп алу арқылы ондағы болмашы қимылдың өзінің айтары бар екенін көрсетеді. Әсіресе, фильм басталған кездегі Сартайдың әке-шешесінің өлімі тіпті әсерлі берілген. Бүкіл фильмнің эмоциясы осы жерден басталатындай. Оператор басты кейіпкердің әкесіне жоңғар найза тыққан сәтінде оны ту сыртынан түсіреді. Бұл ақ көйлектің ішінен найзаның қанды ұшы шығып келе жатқандай әсер береді. Анасын қылышпен шапқан сәтті алдыңғы жағынан түсіреді. Осы сәттегі олардың бет-жүзін жақындатып алып, жан қиналыстарын көрсетеді. Фильм барысында осы сияқты мысалдар өте көп. Бұл – қоюшы оператордың тапқырлығы мен кәсіби шеберлігінің арқасында оқиғаны шынайылылыққа жақындату мақсатымен жүзеге асырылатын шығармашылық әдістердің бірі. Әрине, фильмді өңдеу барысында қазіргі заманауи технологиялардың көмегіне де жүгінгенін аңғару қиын емес. Сондай-ақ, монтаждау барысында компьютерлік графиканың мүмкіндіктері мен түрлі бағдарламаларды да қолданған.

Хасан Қыдыралиевтің өзі былай дейді: «Түсірілім жұмыстарын енді бастай беріп едік, қаулап көк шығып кетті. Көктем болатын. Ақан не істейміз дейді. Ештеңе етпейді, түсті өзгерту бағдарламасымен өңдеп аламын дедім. Кейін кейбір жеріндегі жасыл шөпті әлгі бағдарламамен сарыға бояп қойдым» [6]. Сондай-ақ, фильмнің кейбір сәттеріне қатысты өкініші бар екенін де айтады: «Мәскеулік топ компьютерлік графикамен айналысты. Мәселен, Аңырақай шайқасының жалпы көрінісі солай істелген. Атпен шауып келе жатып, жебені суырып алып ату өте қиын, сондықтан актерлардың садағынан

суырылып ұшқан жебелерді де компьютерде салдық. Шынымды айтсам, компьютерлік графика жеке өзімнің көңілімнен шыға қоймайды. Мультипликациялық дүниеге ұқсап кеткен сияқты» [6].

Бұдан шығатын тұжырым: біздің қазақ кино өнері әлі де үздіксіз дамуды, операторлық шеберлікті шыңдауды қажет етеді. Сондай-ақ, заманауи құрал-жабдықар мен киноаппараттарын жетілдіру мәселесі де осы саладағы мәселе ретінде қатар тұрады. Дегенмен, бұл қазақ киносы саласында жетістік жоқ деген сөз емес. «Жаужүрек мың бала» фильмінде операторлар механикалық және адамның қозғалысы ретінде сезілетін камера қозғалыстарының барлық түрлерін кәсіби деңгейде шебер әрі жан-жақты қолдануға барынша тырысқанын айтуымыз керек.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның кино өнерін әлемдік деңгейдегі сапаға көтеру үшін Голливудтың тәжірибесіне сүйену қажет. Голливуд – әлемдегі басты киноиндустрия және фильмдері орындау сапасымен ерекшеленеді. Тек кәсіби мамандардың шоғырланғаны соншалық, үздіктердің үздіктері фильм түсіруге қатысады және бұл негізгі мамандықтарға – режиссерлерге, актерлерге, сценаристерге ғана емес, сонымен қатар, операторларға, одан бөлек, костюм дизайнерлеріне, визажистерге, дыбыс инженерлеріне де қатысты. Өндірістің барлық кезеңі жақсы жолға қойылған, сондықтан голливудтық фильмдердің әрқайсысы, тіпті шедевр болмаса да, кем дегенде белгілі бір деңгей мен сапаға ие болады. Бізге осындай деңгейге жету үшін жекеменшік киностудияларды көбейтіп, олардың арасында өзара шығармашылық бәсекелестікті қалыптасыру қажет. Сондай-ақ, бірлесіп жұмыс істеу, тәжірибе алмасу мәселесін де жан-жақты қарастыра отырып, қазақ киносын әлемдік деңгейге жеткізуге болады деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

1. Головня А.Д. Мастерство кинооператора / А.Д. Головня. – М.: «Искусство», 1965. – 239 с.

2. Гордийчук О.Ф., Пелль В.Г. Раздел II. Киносъёмочные аппараты. Справочник кинооператора / О.Ф. Гордийчук, В.Г. Пелль. – М.: «Искусство», 1979. – С. 68-142. – 440 с.

3. Жаужүрек мың бала. Kazakhfilmstudios.kz. сайты

4. Жаужүрек мың бала. Уикипедия ашық энциклопедиясы. https://kk.wikipedia

5. Сенбаева А. «Жаужүрек мың бала» – Азаттықтың айнасы // «Алаш айнасы» газеті, 3 маусым, 2012

6. Қыдыралиев Х. «Тарихи фильм болғандықтан ашық түстерді қолданбадық». Сұхбат. https://old.kinostan.kz

Nursultan Abylay
Mukusheva Nazira

STAGES OF DEVELOPMENT OF KAZAKH AND WORLD COMMERCIAL CINEMA

Нұрсұлтан А.Ж.
Мұқышева Н.Р.
өнертану кандидаты, профессор

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ КОММЕРЦИЯЛЫҚ КИНОСЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

1895 жылдың 15 ақпанында ағайынды Люмьерлер жеңіл кинопроекторлы «синематограф» құрылғысын ойлап тауып, оған патент алады. Олар осы аппаратпен көптеген фильм түсіреді. Киноның алғашқы ресми бастауы ағайынды Люмьерлердің танымал фильмі – «Ла-Сьота бекетіне пойыздың келуі» («Прибытие поезда на вокзал Ла Сьота») болды. Фильм көрсетілімінен бірнеше күн бұрын Франция астанасы Париж қаласының көшелерінде түрлі-түсті плакаттар пайда бола бастады. Суреттерде орындықтары бар кішкене бөлме, оларда ересектер мен балалар жиналып отыр және барлығы қара және ақ түске боялған экранға таңдана қарап отырды. Бұл кино тарихындағы алғашқы жарнама болатын. Алғашқы кинотуындының сюжеті өте қарапайым, Ла-Сьота бекетіне пойыздың келіп тоқтауы және вагондардың есігі ашылып, шығып жатқан жолаушылар көрсетіледі. Фильмнің көрсетілімі ақылы болды. Көрсетілімнің алғашқы күнінде Люмьерлер бар жоғы 35 франк қаржы жинайды. Ол сол күнгі көрсетілімнің шығынын ғана өтейді. Десек те келесі күннен бастап жаңа өнер түрін тамашалауға келушілердің қарасы көбейеді. Күніне 20 көрсетілімнен қойып, тіпті бір күнде 2500 франкқа дейін ақша табады. Осындай көрсетілімдерден Люмьерлер жақсы табыс тауып үлгереді. Дегенмен 1902 жылы «синематограф» көрсетілімдері тоқтатылып, жаңа жетілдірілген құрылғыларға жол берді.

Ал 1900-1908 жылдар кинематография тарихына «жәрмеңкелік киноның» кезеңі ретінде енді. Бұл атаудың өзі сол кездегі киноның негізгі ерекшеліктерін анықтайды. «Жәрмеңкелік кезең» кино көріністерінің әртүрлі формаларын жасау үшін өте маңызды болды. XX ғасырдың басында көрермендер аудиториясы, алғашқы киносүйер топтары пайда болып, кинотеатрларға деген қоғамдық қажеттілік туындайды. Ендігі фильмдер арнайы бір жабық орындарда көрсетілді. Әр түрлі елдерде бұл процесс әр түрлі жүрді, бірақ нәтиже барлық жерде бірдей болды. Бірнеше жылдар ішінде таңдаулы адамдарға арналған техникалық жаңалықтан шыққан кино миллиондаған

көрермендерге эстетикалық әсер беретін ең танымал көрініске айналды.

1908 жылы Голливуд пайда болды, ол 1914 жылға қарай әлемдегі ең үлкен киноөндіріс орталығына айналды. Мұнда фильмдер көптеп түсірілді. Олардың негізгі жанрлары комедия мен вестерн болды. Вестерннің тарихы кино ойлап табылғаннан жарты ғасыр бұрын басталды. Бұл жанрдағы алғашқы туындылар әдебиетте 1860 жылдары пайда бола бастады. Батысты жаулап алу сол кезеңдегі романдардың танымал тақырыбы болды. Кітаптар американдық фольклорға негізделсе, кейіпкерлері шынайы адамдар еді. Шығармалардың танымал кейіпкерлері – қылмыскерлер Билли Кид және Джесси Джеймс, аңшы Буффало Билл, мерген Билл Хикок және заң қорғаушысы Уайеет Эрп болды. Олардың барлығы кейінірек фильмдердің кейіпкерлеріне айналды.

Вестерн жанрының кинематографиядағы тарихы 1903 жылдан бастау алады. Дәл осы жылы «Пойыздың тоналуы» («Большое ограбление поезда») атты дыбыссыз фильмі шықты. Бұл фильмде вестерннің алғашқы ерекшеліктері қалыптасты. Студияларға үлкен декорациялар тұрғызудың қажеттілігі болмады. Түсірілімдердің көп бөлігі шөл далада өтті, ал күрделі сюжеттер мен эффектілердің болмауы вестерн жанрының көптеп түсірілуіне түрткі болды. Фермалар, ранчо, пабтар, шағын дүкендер жиі түсірілім алаңдарына айналды. Мұнда әрдайым жақсылық пен жамандық арасында күрес жүреді. Басты кейіпкер қарақшыларға қарсы күреседі. Тіпті Голливудтағы алғашқы фильм осы жанрда түсірілді. Бұл 1914 жылы жарық көрген кинорежиссер Сессил де Милляның 72 минуттық «Индианканың күйеуі» («Муж индианки») атты фильмі еді. Және де бұл фильм режиссердің алғашқы дебюттік фильмі болатын. Белгілі француз кинотарихшысы, киносыншы Андре Базен вестерн жанры туралы былай дейді: «Вестерн – бұл шығу тегі киноның өзімен дәл сәйкес келетін әрі әлі күнге дейін өміршеңдігін жоғалтпаған жалғыз жанр. Отызыншы жылдардың басынан бастап стилі әрдайым біркелкі болып келгеніне күмәнданғанның өзінде, жанрдың термометрі ретінде қызмет ететін коммерциялық жетістігінің табандылығына таң қалуға болмайды» [1, 231 б.]. Голливуд әу бастан-ақ коммерциялық кәсіпорынға айналды. Голливудта үнемі жұмыс істейтін жиырмаға жуық ірі киностудиялар болды. Сол жылдардағы фильмдердің көпшілігі дыбыссыз болды. Бірақ түсірілім барған сайын ауқымды, қымбат және техникалық тұрғыдан күрделене түсті.

Америкада прокаттық жүйе жақсы дамыды. Тіпті 1920-1930 жылдардың өзінде көптеген қаржы жинаған фильмдер болды. «Мәселен: Дэвид Уорк Гриффиттің «Өмір сарқырамасы» (1920,

«Водопад жизни») фильмі – 4500000 доллар, Фред Ниблоның «Үш мушкетері» (1921, «Три мушкетёра») – 1500000 доллар, Чарльз Чаплинның «Кішкентай баласы» (1921, «Малыш») – 2500000 доллар, Джеймс Круздың «Жабық фургоны» (1923, «Крытый фургон») – 3800000 доллар, Кинг Видор мен Джордж Хиллдың «Үлкен парады» (1925, «Большой парад») – 5000000 доллар, Рекс Ингрэм, Кристи Кэбэнн, Чарльз Бребин, Фред Нибло, Дж.Дж. Конның 1925 жылы түсірген «Бен-Гур» фильмі – 4395000 доллар, Алан Кролендтың «Джаз әншісі» (1927, «Певец джаза») – 3000000 доллар, Рауль Уолштың 1928 жылы түсірген «Сэди Томсоны» -–1000000 доллар, Гарри Бомонттың «Бродвейлік әуен» (1929, «Бродвейская мелодия») – 2808000 доллар, Кларенс Брауның 1930 жылы «Анна Кристи» фильмі 1013000 долларлық прокаттық табыс тапты» [2].

Кино өндірісі Еуропа мен Голивудта ғана дамыған жоқ. Әлемнің барлық елдерінде кино өндірісі қалыптасқан алғашқы жылдарында пайда болды. Дегенмен шағын және кедей мемлекеттерде кино өндірісі баяу қарқын алды. Ал Кеңес үкіметінде коммерция түсінігі болған жоқ. Алайда кинопрокаттық жүйе жақсы дамыды. Кеңес үкіметі жылдарында түсірілген көптеген фильмдердің басым бөлігі кеңестік идеологияны дәріптеді және мұндай фильмдер көрермен жинауда қиындықтар әкелген жоқ. Кеңес дәуірі кезінде адамдар кинотетрларға көптеп барды. Бұл сол уақыттағы фильмдердің шығынын жауып қана қоймай, кейде бірнеше еселік табыстар әкелді. Коммерция түсінігі болмаса да, кеңестік кинематографияда кассалық табысты фильмдер көп болды. Олардың ішінде Қазақ КСР-де түсірілген бірнеше фильмдерді атап өтсек. Ресейлік кинотанушы Сергей Кудрявцев кеңес үкіметі кезінде елімізде қаржы табуда жетістікке жеткен бес кинотуындымызды атап, фильмдердің кірісі туралы мынадай ақпарат береді: «Қазақфильм» (бұрынғы – Алматы көркемсуреттті және хроникалық деректі фильмдер студиясы). Шәкен Аймановтың «Атаманның ақыры» («Конец атамана», 1972) революциялық фильмі – 30,6 млн. (таралымы – 1274 дана), Степан Пучинянның шытырман оқиғалы «Вонг ханымның құпиялары» («Тайны мадам Вонг», 1986) фильмі – 30,1 млн. (таралымы – 982 дана), Павел Боголюбовтың «Шабандоз қыз» («Девушка-джигит») әлеуметтік музыкалық комедиясы –27,8 млн, Ефим Арон мен Шәріп Бейсембаевтың «Еңлікгүл өсетін асқар шың» («Там, где цветут эдельвейсы», 1966) шытырман оқиғалы фильмі – 25,3 млн. (таралымы – 928 дана), Эльдор Уразбаевтың «Транссібір экспрессі» («Транссибирский экспресс», 1978) тарихи-революциялық фильмі – 238 млн. (таралымы – 1189 дана)» [3, 722 б.].

1980 жылдардың соңында КСРО-да жалпы ішкі саяси өмірінен бөлек, кино саласында да бірталай өзгерістер болды. Бұл кезеңде көптеген режиссерлер фильмдерінде жаңа тәжірибелер жасай бастайды. Осы тұста кеңестік киноцензура өз күшін жоя бастады. 1980 жылдардың аяғында кеңес кинематографиясында біртіндеп жеке киностудиялар қалыптасып, коммерциялық фильмдер түсірілді. 1989 жылдары режиссер Анатолий Эйрамджан көптеген комедиялық фильмдер түсірді. Оның 1989 жылы жарыққа шыққан «Әдемі ханымдар үшін!» («За прекрасных дам!») фильмі кеңес киносындағы алғашқы коммерциялық фильм болып есептелінеді. «Әдемі ханымдар үшін!» («За прекрасных дам») «Фора-Фильм» кооперативінің жеке қаражатымен түсірілген алғашқы кеңестік фильм болды. Қайта құру жылдары кеңес киносында бірталай өзгерістер болды. Кино әлеуметтік сынға бет бұрды, бұрын тыйым салынған тақырыптардағы фильмдер түсіріле бастады. Мемлекет тарапынан цензуралық кедергілердің болмауы, өткір тақырыптарды зерттейтін жаңа туындылардың пайда болуына ықпал етті.

Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанда авторлық фильмдер көп түсірілді. Қазақ фильмдері халықаралық кинофестивальдерге қатысып, өзінің тың ерекше жаңа көзқарастарымен «жаңа толқын» деген атауға ие болады. Бұл кезеңде елдегі әлеуметтік және саяси тақырыптарды сын көзіне алған әр түрлі жанрдағы фильмдер түсіріледі. Сондай-ақ, КСРО кезеңінде орын алған жайттарды сынға алған фильмдерде жарық көреді. Көп фильмдер жастар тақырыбын қозғайды. 1990 жылдары түсірілген фильмдердің басым бөлігі жастар тақырыбына бет бұрды. Балалар мен жастарды фильмнің негізгі кейіпкерлеріне айналдыра отырып, сол кезеңдегі әлеуметтік және саяси тақырыптарды көтерді. «Жаңа толқын» фильмдерінің басым бөлігі ауыл мен қала арасындағы байланысты ұстады. Кейіпкерлері қаладан ауылға немесе ауылдан қалаға қарай қоныс аударып отырды. Режиссерлер осы кейіпкерлердің сол ортадағы өмір тынысын назарда ұстады. «Жаңа толқын» киносы, мінезі бір қалыпты, эмоцияға салына бермейтін кейіпкерлерді алып келді. Мәселен, Серік Апрымов фильмдерінде ауыл өмірін көрсетсе, Дәрежан Өмірбаев қала өміріне назар аударды.

«Жаңа толқын» киносының кейіпкерлері туралы кинотанушы Назира Рахманқызы (Мұқышева) былай деді: «Жаңа толқын» режиссерлерінің фильмдерінде ішкі сезімді, ойды жеткізу үшін қолданған кинематографиялық бейнелеу тәсілдері де өзгерді. Монтаж ритмі алдыңғы онжылдықтармен салыстырғанда, өзге қырынан жол тапты. Ұзақ пландармен түсіру, кейіпкеріне барлай қарау, «үңіле» түсу бұл шығармалардың басты ерекшелігіне айналды. Кейіпкерінің кескін-келбеті, мінез-құлқы, қимыл-қозғалысы да өзгерді. Небәрі он жылдың

ішінде қазақ киносы танымастай өзгеріп, өзін-өзі талдау (самоанализ) жасауға бет бұрды. Осының нәтижесінде – Шоқан, Мәншүк, Қожа, Қыз Жібектердің қатарына, олармен үш қайнаса да сорпасы қосылмайтын кейіпкерлер келіп қосылды» [4, 164 б.].

«Жаңа толқын» режиссерлері бұрын түсірілмеген тақырыптық және стильдік өзгерістер алып келді. Серік Апрымовтың «Қиян» фильмінде деректі киноның сарыны байқалды. Камера қозғалысы да баяу ырғақпен жылжып отырды. Жалпы және орта пландарды жиі қолданды. Камера көріністер мен кейіпкерлерді ұзақ бақылап отырды. «Жаңа толқын» фильмдері туралы кинотаушы Бауыржан Нөгербек былай дейді: «Әрине, қазақтың «жаңа толқын» фильмдерінің стилі, негізгі параметрлері Д. Вертовтың авангардтық фильмдерінің эстетикасымен байланысты, онда қарапайым адамдардың өмірін бақылайтын кинематографиялық принцип жарияланды» [5, 271 б.]. Оқиғалар баяу ырғақта өрбіді. Және «жаңа толқын» киносында, кәсіби актерлерге қарағанда, актерлікке қатысы жоқ адамдар көп ойнады.

Коммерциялық фильмдер 2000 жылдардың екінші жартысында түсіріле бастады. Бұл кезеңде Ақан Сатаев пен Еркін Рақышевтың алғашқы фильмдері жарыққа шығады. Алғашқы қазақ коммерциялық фильмдері белгілі бір кезеңнін мәселелерін қозғады. Мысалы, «Рэкетир» 1990 жылдары елімізде болған оқиғаларға негізделсе, «Жаралы сезім» фильмі жастарға қатысты өткір тақырыптарға бет бұрды. Бүгінгі таңда елімізде коммерциялық фильмдер көп түсірілуде. Олардың санымен қоса сапасы да артуда. Техникалық сапасының өсуі мен қатар құрылымдық сипаты да өзгеруде.

Коммерциялық кино көпшілікке түсінікті және сұранысқа ие фильмдерді түсіреді. «Адамдар әдетте өздеріне ұнамайтын нәрселерден бірден бас тартады, бірақ олар шынымен де өздеріне жақын деген дүниеге сенімсіздік танытады. Сондықтан, аудитория талғамын қанағаттандыруға ұмтылатын продюсерлер амал-тәсілін таңдауда белгілі бір еркіндікке ие болып келеді. Тіпті көрерменнің көргісі келетін фильмдердің көріністері шынайы өмірден алыс болса да, олардың бұл сұранысын әр түрлі жолмен қанағаттандыруға болады. Сонымен, көрермендердің арманы мен фильмдердің мазмұны арасында үнемі өзара байланыс болады. Коммерциялық фильмдердің көпшілігі жаппай тұтынушыға арналатындықтан, олардың сюжеті мен көрерменнің арманы арасында белгілі бір байланыс орнайды. Басқаша айтқанда, экранда көрсетілген оқиғалар көрермен аудиториясының арманына жақын, сондықтан оларды фильмдердің кейіпкерлерімен өзін-өзі сәйкестендіруге ықпал етеді деп болжауға болады» [6, 219 б.].

Коммерциялық фильмдер көрермен талғамына көп мән беріп, сол негізде жұмыс істейді. Көрермен сұранысындағы фильмдерді түсіреді.

Коммерциялық фильмдер үнемі көпшілікке түсінікті оқиғаларды суреттейді. Көрермен деңгейіне ықшамдалады. Көп жағдайда жеңіл сюжеттерді қамтиды. Сол себепті бұл фильмдердің көрермен жинауда көп қиындақтарға тап бола бермейді. Қазірде қазақ киногерлері де осындай коммерциялық фильмдерді көптеп түсіріп жатыр. Басым көпшілігі комедия жанрына назар аударуда. Мұның негізгі себебі– көрермен жинау. Уақыт өткен сайын көрерменніңде бұл жанрға деген сұранысы артып келеді. 2010 жылдан бері қарай комедиялық фильмдер дәуірі басталды деуге болады. Дегенмен соңғы жылдары саяси, әлеуметтік тақырыптарда да фильмдер түсіріліп жүр.

Комедия – әзіл-сықақ немесе сатиралық тәсілдермен сипатталатын көркем шығарманың жанры. Комедия ертеректе пайда болған жанр. Бүгінгі күнге дейін ол киноның танымал жанрларының бірі болып келеді. Комедия көрермендерді күлкіге бөлеп, оларға жақсы көңіл-күй туғызуға арналған. Ағайынды Люмьерлердің «Суға малынған суарғышы» («Политый поливальщик») қысқаметрлі фильмі әлемдегі алғашқы комедиялық фильм болып есептелінеді. Бұл фильм кезінде көпшіліктің көңілінен шығып, бірқатар еліктеулерге себеп болды.

Комедия мен оның элементтері қазақ фольклорлық шығармаларында да жиі кездеседі. Ол біздің ежелден келе жатқан айтыс өнерінде де көп қолданысқа ие болды. Ақындар әлеуметтік, саяси ахуалдарды әзіл арқылы жеткізіп отырды. Айтыс өнері көбіне траги-комедиялық бағытты ұстанды. Комедия – театр саласында да кеңінен қолданылатын жанр. Бүгінгі таңда елімізде әзіл-сықақ театрларының қарасы көп. Мәселен: «Қызық театры», «Назар аудар», «Әзіл әлемі», «Өнер қырандары», «Шаншар», «Алдараспан» театрлары. Комедиялық театрдың көбейуіне көрермен сұранысы да негіз болып отыр. Әрине бұл жанр қазақ киносына да бөтен емес.

«Ақ гүл» (1943, реж. Е. Арон) – қазақ жерінде түсірілген алғашқы комедиялық фильм. Фильм туралы«Қазақ киносының тарихы» оқулығында былай дейді: «Алғашқы комедиялық «Ақ гүл» фильмінің мазмұны соғыс тақырыбын жанамалай ғана қамтиды, мұнда басты кейіпкерлер – ауыл жастары. Қысқаметрлі комедиялық фильм түсіру мол жауапкершілікті қажет етеді. Жаңа өркендеп келе жатқан қазақ киносының алғашқы жылдарында бірден комедиялық фильм түсіру уақыт талабымен келген құбылыс болды. Соғыс жүріп жатқан қиын кезеңде тылда тынбай еңбек еткен ауыл адамдарының еңсесін көтеру мақсатында осындай комедиялық фильмдер түсіру қажет болды» [7, 82-83 бб.].

Бүгінгі таңда коммерциялық немесе авторлық фильмдер әртүрлі жанрларда түсірілуде. Жанрдың нақты шекарасы жоқ, яғни түрлі жанрдың элементтері бірінен екіншісіне үздіксіз ауысып, өзара

байланысып жатыр. Әрбір жанр өз кезегінде бірнеше кіші жанрларға бөлінуі мүмкін. Нәтижесінде сол фильмді бірнеше жанрлық топтарға жатқызуға болады. Дегенмен фильмдерде негізгі басымдылыққа ие бір жанр болады. Ол фильмнің негізгі жанрлық бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Коммерциялық фильмдер көбіне көрермен сұранысына байланысты әрекет етеді. Осылайша көрермен сұранысына ие жанрда фильм түсіреді.

Көрермен фильм жанрының құрылымына тәуелді болған оқиғаларды деконструкциялауға психикалық тұрғыдан қатысады. Мысалы, қорқынышты фильмдердің басты кейіпкері әдетте «құбыжық» болады, одан өзге қосалқы кейіпкерлері мен күлкі тудыратын белгілі бір кейіпкерлері жүреді. Көрермен оларды алғашқы минуттардан бастап тануы керек деп болжанады. Кейде бас кейіпкерді қосалқы кейіпкерлерден ажырату қиын болуы мүмкін. Бірақ көбінесе басты кейіпкер «құбыжықтан» қашып құтылса, ал екінші кейіпкер оның құрбанына айналады. Бұл әдіс фильмдегі «құбыжықтың» мінезін ашуымен қатар, көрермендердің көңілін көтеру үшін қолданылады» [8, 10 б.].

2010-2020 жылдар аралығында елімізде қорқынышты фильм жанрында Ренат Елубаевтың «Полигон», Еркін Рақышевтың «М-агент», Дәулет Әуелбековтың «Өлілермен селфи» («Selfie с мертвецами»), Данияр Акчабаевтың «Қараңғыда» («Во мраке»), Нұрлан Батыров, Нияз Әбдіғаппардың «Елес» («Проявление»), Дастен Шәкіров пен Марат Абай-Дильданың «Қараман», Рустем Әбдрашев пен Самад Сұлтанның «Фуга: Ешқайда апармайтын жол» («Фуга: Дорога в никуда») секілді бірнеше фильм жарыққа шығады. Бұл фильмдерде елес, құбыжық, кісі өлтіруші сияқты бірнеше жаңа кейіпкерлер пайда болды. Дегенмен бұл аталған фильмдер комедия, кылмыстық драма, мелодрама жанрларында түсірілген фильмдер секілді аса танымалдыққа ие болған жоқ.

Сонымен кино өндірісі бүгінгі технологияның дамыған заманында қолжетімді болды. Экономикалық қатынастардың жаһандануы мен жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуының арқасында кино өндірісі едәуір дамып, кең өріс алды. Соңғы жылдары елімізде көптеген коммерциялық фильмдер түсірілді. Жыл өткен сайын кинотеатрларға келетін көрерменнің саны да артты. Прокатқашыққан коммерциялық фильмдер өз қаражатын ақтап қана қоймай, еселеп пайда табуда. Мәселен, «Brod.kz» сайты Ален Ниязбековтың «Қазақша бизнес Кореяда» фильмі 1 миллиард 107 миллионнан аса қаржы жинағаны жариялады [9]. Ал Ернар Нұрғалиевтың «Жаным, айтсам сенбейсің!» («Жаным, ты не поверишь») фильмі Ресейлік «Киношок» кинофестивалінің «Үздік фильм» және «Үздік сценарий»

номинацияларын жеңіп алды. Сондай-ақ баспасөздің арнайы дипломына ие болды. Бұл дегеніміз отандық коммерциялық фильмдеріміздің жаңа деңгейге көтеріліп жатқандығының айқын дәлелі.

Әдебиеттер:

1.Базен А. Что такое кино?. – Москва: Искусство, 1972

2. История кинопроката. https://www.kino-teatr.ru/box/history/

3. Кудрявцев С. Почти сорок четыре тысячи. Персональная киноэнциклопедия Сергея Кудрявцева. – Том второй. – Москва: 2016

4. Рахманқызы Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін. – Астана: Фолиант, 2017

5. Ногербек Б. Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. – Алматы: RUAN, 2008

6.Кракауэр З. Природа фильма. Реабилитация физической реальности. – Москва: Искусство, 1974

7. Ногербек Б., Наурызбекова Г., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы. Оқулық. – Алматы: ИздатМаркет, 2005

8. Janet S. Hybrid or Inbred: The Purity Hypotesis and Hollywood Genre History // Film Criticism VoL 22, 1997, №1

9 .Фильм «Бизнес по-казахски в Корее» побил рекорд «Мстителей» // «Brod.kz», 26.01.2020. https://brod.kz/news/200124-film-biznes-po-kazahski-v-koree-pobil-rekord-mstitelej/

Madiyarova Makpal, Mukanova R.K.

THE SPECIFICS OF BIOGRAPHICAL GENRE IN CINEMA-TOGRAPHY: HISTORICAL PROTOTYPE AND ARTISTIC IMAGE

Мадиярова М.Б.,
Мұқанова Р.Қ., профессор

КИНЕМАТОГРАФИЯДАҒЫ БИОГРАФИЯЛЫҚ ЖАНР СПЕЦИФИКАСЫ: ТАРИХИ ПРОТОТИП ЖӘНЕ КӨРКЕМ БЕЙНЕ

Қазіргі уақытта әлемдік киноиндустрияда биографиялық фильмдер түсіру тенденциясы қарқын алды. Әсіресе, АҚШ-тың заманауи киноөнімдерінің басым бөлігі – кинобайопиктер. Сәйкесінше, бұл ғаламдық кинематографиядағы осы бағыттың дамуына барынша ықпал етіп отыр. Жалпы, Америкада алғашқы биографиялық фильмдер 1930 жылдары пайда бола бастады («Scarface», 1932; «The Great Ziegfeld», 1936). Ал сексенінші жылдары байопиктер көбейді:

«Шахтердің қызы» («Coal Miner's Daughter», 1980), «Ызалы бұқа» («Raging Bull», 1980), «Нағыз жігіттер» («The Right Stuff», 1983) т.б. Биографиялық фильмдерге сұраныстың артуы заңды еді. Өйткені мұндай картиналардағы «өзін-өзі жасаған адамдардың» (self-made man) аңызға, мифке бергісіз оқиғалары американдық ұлттық сананы қалыптастыру шарттарының бірі болатын [5]. Қазақстандық кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетовтың сөзімен айтсақ, «Голливуд Американың образын жасады» [2]. Тіпті, американдық ғалымдар биографиялық кинокартиналарды зерттеу нысанына айналдырып, бірнеше сүйекті ғылыми еңбек жазды. Бұл ретте Стивен Нилдің «Жанр және Голливуд», Деннис Бинхэмнің «Биографиялық картиналар заманауи жанр ретінде», Джордж Кастеннің «Биографиялық картиналар: Голливуд тарихты қалай жасады?» атты теориялық зерттеулерін атап өтуге болады. Мысалы, Дж.Кастен кинобайопикке былай деп анықтама береді: «Қысқаша айтқанда, фильм-биография (немесе biopic) атақты, танымал тұлға өмірінің драмалық сәтін яки бүкіл ғұмырын баяндайтын кинематографиялық жанр» [1]. Ал ресейлік өнертанушы Ирина Морозова биографиялық жанр элиталық және массалық мәдениеттің арасындағы делдал рөлін атқарып отырғанын және бұл бағыт кинематографистерге коммерциялық тұрғыдан тиімді әрі ұлттық сана мен мәдениетті қалыптастыруға әсерін тигізетін көркем дүние жасаудың бірден-бір жолы екенін жазады [9]. Сондай-ақ кинобайопиктер тарихты танып, түсінуге, үңілуге септігін тигізеді. Сергей Эйзенштейннің сөзімен айтсақ: «өткенге негізделген көркем картина характерлер мен кейіпкерлер жүйесі арқылы жасалады» [17].

Биографиялық фильмдер – идеология құралы. Кез келген билік өз жүйесін, режимін қоғамға мойындату үшін өткен тарихтан сабақтастық іздейді, ұлттық батырлардың бейнесін өнер сахнасына шығарып, насихаттайды. Бұл ретте, мысалы, кезінде Совет үкіметі Александр Невскийді халықтық батыр деңгейіне көтерді. Ал режиссер С.Эйзенштейннің 1938 жылы түсірген «Александар Невский» фильмі совет кинематографиясындағы Ресейдің ортағасырлық тарихы негізінде әлеуметтік, идеологиялық тапсырысты жүзеге асыруды тәжірибеден өткізген ең атақты биографиялық картина болды [3]. Дәл сол жылы «Ленфильм» киностудиясының «Амангелді» фильмі жарыққа шықты. Кинотанушы Бауыржан Нөгербек «кез келген көрермен «Амангелді» сол кезеңнің идеологиясы мен саясатын алға тартатын, революционерлер кинобиографиясы туралы үгіт-насихат фильмдердің жалғасы екенін түсінеді» деп жазады [11].

Совет билігі киноны өз мүддесі үшін шебер пайдаланды. Белгілі кинотанушы, өнертану кандидаты Нәзира Рахманқызы «Тұлпардың ізі» атты еңбегінде 1948 жылғы 18 қаңтар күнгі «Социалистік Қазақстан»

газетінде жарық көрген сол кездегі кинематография министрі В.Якуповтың «Қазақстанда кино көркемөнерінің өркендеуі» тақырыбындағы мақаласынан мынадай үзінді келтіреді: «Ұлт кадрларының күшімен социалистік құрылысты, ауыл шаруашылығын, мал шаруашылығын, олардың алдыңғы қатарлы адамдарын, Ұлы Отан соғысының батырларын, совет адамдарының адамгершілік бейнесін, олардың халық шаруашылығын қалпына келтірудегі ерлік күрестерін көрсететін көркем картиналар жасауымыз керек» [14]. Мұндай жоспардан бөлек, ондай фильмдерге қойылатын қатаң талаптар мен шарттар да бар еді. Мысалы, КСРО құрамындағы елдердің кинематографиясында «аға ұлт» өкілінен жағымды кейіпкердің жүруі заңдылық болды. Сондай-ақ бай-шонжарларды адамзатқа зиянды элемент ретінде көрсету, ал кедей, жұмысшы тап өкілдерін «толық адам» бейнесінде шығару режиссер мен сценаристке қойылатын басты талап еді. Мысалы, біздің елде әр жылдары түсірілген «Абай әндері» (1945 ж., Г.Рошаль), «Жамбыл» (1952 ж., Е.Дзиган), «Шоқан Уәлиханов» (1957 ж., М.Бегалин), «Артымызда Мәскеу» (1967 ж., М.Бегалин), «Мәншүк туралы дастан» (1969 ж., М.Бегалин) сияқты байопиктер советтік идеология шеңберінен ауытқымаған көркем дүниелер ретінде саналды. Бірақ партияның цензурасы мен қысымына қарамастан жарыққа шыққан қазақтың біртуар азаматтарының бейнесі туралы бұл картиналардың ұлттық кинематографиядағы орны да, бағасы да бөлек.

Егемендікке қол жетіп, еңсемізді тіктеген соң қазақ кинематографиясының қоры «Абай» (1995 ж., А. Әміркұлов), «Мұстафа Шоқай» (2008 ж., С.Нарымбетов), «Аманат» (2015 ж., С.Нарымбетов), «Біржан сал», (2009 ж., Д.Жолжақсынов, Р.Әлпиев), «Құнанбай» (2015 ж., Д.Жолжақсынов), «Балуан Шолақ» (2019 ж., Н.Садығұлов), «Әміре» (2018 ж., Е.Нұрғалиев), «Томирис» (2019 ж., А.Сатаев) т.б. автобиографиялық туындылармен толықты. Бұл фильмдер тарихи тұлғалардың ғұмырындағы ең тартысты драмалық кезеңдерді, олар өмір сүрген дәуірдің атмосферасын шама-шарқынша экранға шығарды. Сөйтіп, тәуелсіздіктің арқасында есімін атауға тыйым салынған арыстарымызды іздей бастадық.

Қазақстан ғана емес, постсоветтік барлық ел тарихын түгендеуге кірісті. Алысқа ұзамай-ақ, 2014 жылы жарыққа шыққан қырғыз режиссері Садық Шерниязды «Құрманжан Датқа» атты фильмін мысалға алсақ... Бұл - қырғыз халқының XIX ғасырда бастан кешкен нәубеті туралы картина. Басты кейіпкер Құрманжан Датқа елінің амандығы үшін мәжбүрлі түрде Ресей империясына қосылып, бірлік келісіміне қол қояды. Ол таразы басына ұлт тағдыры түскенде туған ұлын да өлімге қияды. Фильмнің мазмұны, режиссурасы көпшілікке

ұнады. Олардың қатарында қазақстандық қайраткерлер Олжас Сүлейменов, Асанәлі Әшімов, Мұрат Әуезов және киносыншы Гүлнәр Әбікеева бар. АҚШ киносының жарық жұлдызы Шерон Стоун да фильмге оң бағасын берді. Ал көрермендер: «Ең бастысы бұл картина XIX ғасырдағы қырғыз тарихын шынайы, Ресей патшалығының озбырлығын ашық көрсетті» [12], - деген пікір айтты.

Совет Одағы тұсында кино, әдебиет, музыка, сурет, жалпы, өнер қатаң бақылауда болды. Қырағы цензура сүзгісінен көп дүние оңай өтпейтін. Нәтижесінде тарих та, тұлға да бұрмаланды. Ақиқатқа көлеңке түсті. Тоталитарлық режим құлаған соң, бертінде, тіпті, Ресейдің өзі тарихына, тұлғаларына жаңа көзқараспен қарай бастады. Бір ғана мысал, 2008 жылы режиссер А.Кравчук заманында халық жауы болған, ақтар қозғалысының қолбасшысы А.В.Колчак туралы «Адмиралъ» атты фильм түсірді. Бұл туындыда Колчактың ұсталып, өлім жазасына кесілгені, яғни, өмірінің ең соңғы трагедиялық үзігі көрсетіледі. Фильмдегі драмалық ситуация мықты, нәтижесі – ашық саспенс. Кейіпкер қауіп-қатердің төніп тұрғанына қарамастан, мақсатынан айнымайды [8]. Бұл жолда жеңе ме, жеңіле ме? Колчактың жауларының құрығы ұзын. Елі үшін басын өлімге тіккен Колчакқа көрермен тілеулес болады. Көзіне жас алады. Қолға түспей, қашып кеткенін қалап отырады. Міне – саспенс! Бірақ режиссер кейіпкерді де, көрерменді де аямайды. Нәтижесінде, маңдайына қару қадалып тұрса да иілмей, мүжілмей, еңсесі тік, асқақ, ақсүйек қалпында атылып кеткен адмирал Колчакқа көрерменнің құрметі арта береді, арта береді... Осылайша, бір кездері жүйеге қарсы болған «халық жауы» А.Колчакқа, сол заманға, тарихқа көзқарас өзгереді. Қорыта айтсақ, уақыт өз кейіпкерлерінің бағасын өзі береді.

Ал Қазақстанның белгілі режиссері Сатыбалды Нарымбетов Мұстафа Шоқайды, қазақтың соңғы ханы Кенесарыны және Кенесарыны зерттеген Е.Бекмахановты ақтап алуды мақсат етті. Осы тұлғалардың тартысқа, қайшылыққа толы ғұмырын «Мұстафа Шоқай» (2008 ж.) және «Аманат» (2018 ж.) фильмдерінде көрсетті.

Елді азаттыққа жетелеген Кенесары хан мен Мұстафа Шоқайдың есімдері советтік идеологияда теріс көзқараста айтылды. Кенесары ханды ғылыми тұрғыдан зерттеп, оны «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты еңбегінде «отаршыл үкіметке қарсы шыққан, ұлттың азаттығын ойлаған тарихи тұлға» деп қарастырған Ермұхан Бекмахановтың тағдыры тәлкекке түсті. 1946 жылғы күзде аталған ғылыми жұмысын аяқтап, 1947 жылы жеке монография етіп шығаруы «қылышынан қан тамған» жүйенің назарына бірден ілікті. Қазақтан шыққан алғашқы тарих ғылымының докторы осылайша қуғынға ұшырап, оның еңбегінің мазмұны қазақстандық тарихшы

ғалымдардың ұсынысымен Мәскеуде қаралды. Мәскеудегі жиын Алматыда да жалғасып, талқылаулар мен жиындар 1952 жылға дейін созылды. Осы жылы Е.Бекмаханов ғылыми атағынан айырылып, село мектебіне мұғалімдікке жіберілді. Жыл соңына қарай Е.Бекмаханов тұтқындалып, 25 жылға сотталды [10]. 1953 жылы И.Сталин дүниеден өткеннен кейін, Н.Хрущевтің тұсында Е.Бекмаханов ісі қайта қаралып, 1954 жылы сот үкімімен ақталып шықты. Бірақ советтік көзқарас Кенесары ханды «феодалдық дәуірді аңсаған, монархиялық қозғалыстың бастаушысы» деп көрсетуін жалғастыра берді. Осы оқиғалар Нарымбетовтің «Аманат» картинасында суреттеледі. Режиссер үш дәуірді қатар өреді. «Фильмді түсірудің басты қиыншылығы да осы үш дәуірді қатар өру, үш дәуірдің атмосферасын дөп басып көрсету болды» дейді өзі [13]. Сатыбалды Нарымбетов тарихтың аманатына қылаудай қиянат жасамай, көрерменге жеткізу үшін, «ұлт ретіндегі автопортретімізді қалпына келтіру» үшін үш линиялы драматургиялық форманы қолданды. Бұл тәсіл, яғни шегініс, шегіністің ішіндегі шегініс, параллель желі әлемдік киноматография тәжірибесінде бұрыннан бар. Осы тәсілмен Сатыбалды Нарымбетов ұлттық кино тарихында алғашқы болып, қазақтың соңғы ханы Кенесарының, тарихшы ғалым Ермұхан Бекмахановтың экрандағы бейнесін жасады.

Кинематографиядағы биографиялық жанрдың тағы бір қиындығы – тарихқа, архив деректеріне адал болу [13]. Адал бола тұра, көркем картинаны деректі фильмге айналдырып алмау. Бұл туралы әлемге танымал сценарист, педагог Сид Филд былай дейді: «Тарихи тақырыпты қолға алған сценарист тұлғаның шешімдері мен сезімдерін шындықтан айнымай жазуға міндетті емес, бірақ тарихи оқиғалар мен оның салдарына құрметпен қарауы керек» [16]. Сатыбалды Нарымбетов Е.Бекмахановтың ғылыми еңбегі талқыланған жиналыстың стенограммасынан ауытқымаған әрі ол құжатты өте ұтымды пайдаланған. Дәл сол эпизод ғалым Бекмахановтың тарихи шындық үшін «мыңмен жалғыз алысып», «соқтықпалы, соқпақсыз» жол жүргенін көрсетеді. Ғылым академиясының ішіндегі сол уақыттағы түрлі қитұрқы интриганы жайып салады.

Кинобайопиктерге қатысты тағы бір нәзік тұс - деректі фильм мен көркем фильм арасындағы айырмашылыққа, жанрлар шекарасына ұқыпты болу. Дерек пен көркемдіктің тігісін жатқызып, кіріктіру – режиссердің шеберлігін көрсетеді. Ең қызығы, шетелдік және ресейлік кинотанушылар әлі күнге биографиялық жанрдың нақты анықтамасына қатысты пікірталасты тоқтатар тұжырым жасай алмай отыр. Көбінің пікірі кез келген фильм-биография полижанрлық картина санатына жатады дегенге саяды. Себебі биографиялық

фильмдерде деректі, тарихи фильмнің, вестерннің, тіпті мюзиклдың, комедияның элементтері болады [5].

Сатыбалды Нарымбетов «Мұстафа Шоқай» (2008 ж.) атты биографиялық картинасында бүкіл түркі тектес халықтардың басын біріктіріп, Түркістан мемлекетін құруды арман еткен, Еуропаның қақ жүрегінде отырып, «Яш Түркістан» журналын шығарған, 180 мыңдай мұсылманды соғыстан аман алып қалған, бірнеше тілде еркін сөйлеген, асқақ идеяға сенген, ешқашан жақсылықтан үміт үзбеген, үміт үзбеген күйі үзіліп кеткен Мұстафа Шоқайдың адамдық, азаматтық, қайраткерлік қырын экранға шығарды. Тағы да Сид Филдке жүгінсек... Американдық сценарист, жазушы биографиялық фильм сәтті шығу үшін кейіпкер өміріндегі ең қызық, ең маңызды аз ғана эпизодты таңдап алу керек екенін жазады [16]. Мысалы, «Амадей» (М.Форман, 1984 ж.) фильмінің сценарисі Питер Шеффер Вольфганг Амадей Моцарт биографиясының санаулы эпизодтарын және Антонио Сальеримен қарым-қатынасын ғана сценарийге арқау еткен. Сатыбалды Нарымбетовтің де «Аманатында», «Мұстафа Шоқайында» көп эпизод жоқ. Сценарий кейіпкерлердің дүниеге келгені, ержеткені, әріп танығаны, үйленгені сияқты хронологиядан тұрмайды. Маңызды, салмақты, өзекті, қызық оқиғалардан құралған. «Аманатта» Кенесары ханның көтерілісі, Созақты алуы, Бекмахановтың сол көтерілісті зерттеуі, түрлі кедергілерге төтеп берген күрескерлігі, ал «Мұстафа Шоқайда» Мұстафаның Түркістан үкіметінің төрағасы болған сәті, Мария Горинамен танысуы, табысуы, Парижге кетуі, онда «Яш Түркістан» журналын шығаруы, 180 мың мұсылманды құтқаруы, қайтыс болуы сияқты эпизодтар таңдалған. Сондықтан да қос картина әр кезеңге шашырамай жинақы шыққан.

Сатыбалды Нарымбетов «Мұстафа Шоқай» фильмінде де қазіргі заманауи кинематографияда белең алған үрдіс тарихи фактілер мен көркемдікті үйлесімді біріктіріп, жанрлар шекарасын сақтай алған. Бұл ретте режиссер кинематографияда қалыптасқан тәсіл, яғни оқиғаны бір кейіпкердің естелігі арқылы баяндауды қолданды. Естелік айтушы – Мұстафа Шоқайдың сүйген жары Марина Горина (рөлде Карина Абдуллина – Авт.). Екеуінің махаббаты, кездесуі, қоштасуы фильмді әсірелей түседі. «Ұлы ер азаматтардың артында ұлы әйелдер тұрады» дегенді, әйел махаббатының құдыретін режиссер шебер көрсетеді. Картинада драма жанрының заңдылықтарына сәйкес, бірінші және екінші актіде үшінші актіде болатын апатқа дайындық көрсетіледі [8]. Мұстафа Шоқай бірінші актіде-ақ кеңес билігінің ұсынысын қабыл алмай, тасқынға қасқайып қарсы тұрады. Олардың оғынан аман шығып, шетел асады. Туған-туысын, анасын бәрін қынадай қырып тастаса да, идеясынан бас тартпайды. Конфликт күшейе береді, күшейе

береді. Шарықтау шегінде ардақты азамат аяусыз, ымырасыз күрестің құрбаны болады. Бұл ретте фильм сценариінің авторлары (Ә.Тарази, Е.Тұрсынов) драмалық ситуацияны дамытып, драматизмді күшейту үшін альтернативті факторларды ұтымды қолданған. Ал альтернативті фактор кейіпкерге төнген қауіпті қоюландырады [8]. Мәселен, Мұстафа Шоқайдың ар-намысы тапталады, жаланың құрбаны болады, карьерасы күйрейді, қайда барса, «Қорқыттың көрі» алдынан шығады, отбасы, туған-туысы қамалады, атылады, туған жерінен жырақтатылады, ел-жұртының басына қара бұлт үйіріледі.

Биографиялық фильмде тарихи тұлға көркем бейнемен ұштасып дамуы маңызды. Негізінде барлық көркем бейненің арғы жағында прототип жатады. Жазушы сол прототипті негізге алып, оның өмірдегі моделін өзгертіп, құбылтып, құлпыртады, әр алуан мінез, бітім, рух, әрекет, парасатты жинақтап, даралау арқылы образды типтендіреді. Бұл туралы Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулығында түсінікті жазылған, яғни, «типтік образдарға қарап отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі қоғамдық дамудың негізгі және шешуші тенденциясын байқауға болады» [6].

Мұстафа – күрделі бейне. Жалқы тұлға. Бірақ әбден жинақталған бір адам, яғни - сол дәуірдегі қазақ елінің азаттығы үшін күрескен ерлердің жиынтық образы. Мұстафаның әрекеті, шешімдері, оған қатысты оқиғалардың өзегі сақталғанмен, жалпы болмыс-бітімі, түр-келбеті сценарист пен режиссердің көзқарасына байланысты жасалған. Сатыбалды Нарымбетовтың Мұстафасы саяси фигура ғана емес, мұңаятын, қуанатын, ғашық болатын, сүйгеніне гүл сыйлайтын, ыңылдап ән айтатын кәдімгі адам. С.Эйзенштейн «Александр Невский» фильмін түсіру кезінде сол дәуірдің реконструкциясын және кейіпкердің бейнесін жасау процесінде көп кедергімен бетпе-бет келгенін айтады [18]. Өйткені сол уақыт туралы материал аз болған. «Ержүрек», «данагөй» сияқты жалпыхалықтық сипаттардан басқа Невский бейнесін, характерін толық ашатын да естеліктер, жазба деректер, көркем шығармалар жоқтың қасы. Сондықтан режиссер Невскийдің Русьтің бірлігі, тәуелсіздігі идеясын жүзеге асыру жолындағы қаһармандығына басымдық береді. Ал С.Нарымбетов тарихи құжат, айғақ, дәлелдерден таршылық көрмейді. Дегенмен, ол да Кенесары, Мұстафа Шоқай, Е.Бекмахановтың күрескерлігіне акцент береді.

Фильмде Мұстафаның (рөлде Азиз Бейшеналиев – Авт.) костюмін балапанға айырбастап келетін эпизод бар. Бұл – қазақ халқының дәрменсіздігі, олардың басын біріктіріп, қорғай алмаған, қамқорлық көрсете алмаған, қанатының астына ала алмаған Мұстафаның шарасыздығы іспетті деп түсіндік. Ел жақтан жеткен қаралы хабар

еңсесін езіп, маңайындағы сенім артқан пенделерден сатқындық көріп, туған жер топырағын аңсап, сағынған арыстай азаматтың құлазыған хал-күйі деп ұғындық.

Мұстафа рөлін сомдаған Азиз Бейшеналиев сұхбатында, «Халықтың ең үлкен драмасы – өзінен күшті көрші елдердің саяси бұғауынан шыға алмауы. Кейде бұл арманның орындалу жолында бірнеше ұрпақ алмасуы мүмкін. Бірақ бұл ол арман орындалмайды деген сөз емес», - деп пікір білдірген [4].

Сатыбалды Нарымбетов Кенесары, Ермұханнан, Мұстафадан бөлек қайраткер ханым Бопайдың, ержүрек Наурызбайдың, Халел Досмағамбетовтың, басқа да алашордашылардың, академик Қаныш Сәтбаевтың жарқын кинообраздарын ұлттық кинематография галереясына қосты. Ол қазақтың өткен тарихының реконструкциясын жасады.

Кино – өнер. Кино – идеология. Кино – бизнес. Кино идеологиядан ада болу керек деген пікір бар. Киносыншы Әсия Бағдәулет: «Кәсіби призмадан қарасақ, киноның идеологияға қызмет еткенін қаламаймын, әрине. Бірақ дәл біздің Қазақстанның жағдайында бұл бір кәсіптің, не өнердің мәселесі емес, ұлттық идентификация мәселесіне келіп тіреледі. Бұл әлемдегі көптеген постколониалдық, немесе посткеңестік елдердегі бар жағдай. Сондықтан мұндай дүниелерді көбірек айтып, өсіп келе жатқан жас режиссерлердің құлағына құя беру керек шығар» [7], - дейді.

Президент Қ.Тоқаев 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет» екенін айтқан. Сондай-ақ мемлекет басшысы «Өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын насихаттауға зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болған тарихи тұлғаларымыз туралы фильмдер түсіруге мемлекет қолдау көрсететінін, мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін тарихи тақырыптарға бағыттауға тапсырма беретінін» жазған [15]. Бұл тапсырма жүзеге асса, ұлттық кинематографияда кинобайопиктер саны көбейетін еді. Қазақтың образы жасалатын еді.

Режиссер Сатыбалды Нарымбетовтің еңбегі - Президенттің ойымен ұштасқан картиналар. Оның кейіпкерлерінің бәрі де - мемлекетшілдік идеясы жолында жаны пида болған қазақтың ұлы тұлғалары.

Әдебиеттер:

1. Custen G. Bio/Pics: How Hollywood Constructed Public History. New Brunswick: Rutgers University, 1992.

2. Ақжігіт Ө. Сатыбалды Нарымбетов: «Мұстафа Шоқайды ақтап алу - мақсатым» [Электронды ресурс] / «Әдебиет порталы». – Электронды мәлімет: – Астана. – 2017. – Қолжетімді режим: https://adebiportal.kz/ru/blogs/view/kinorezhisser_satibaldi_narimbetov_mustafa_shokaidi_aktap_alu__basti_maksatim__1555 (қаралған күні 18.12.2019).

3. Бычков С.П. Александр Невский: исторический прототип и экранный образ // Вестник Омского университета, 2004. №1.

4. Дүтбаева Н. Азиз Бейшеналиев: «Жоқ, мен тағдырға сенбеймін» // «Қазақ әдебиеті газеті», 27 қазан, 2017.

5. Коновалова Ж.Г. Специфика биографического жанра в кино: образ писателя и его художественная трансформация // Филология и культура. Philology and culture. 2012. №4 (30)

6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, «Қазақ университеті», 1992.

7. Қалиева А. Әсия Бағдәулет: «Тарихи фильмдерге орыстілділер мен өзге ұлт өкілдері тарапынан қарсылық кампаниялары жүреді» [Электронды ресурс] / «Азаттық рухы». – Электронды мәлімет: – Нұр-Сұлтан. – 2021. – Қолжетімді режим: https://azattyq-ruhy.kz/culture/18397-tarikhi-filmderge-orystildiler-men-ozge-ult-okilderi-tarapynan-karsylyk-kampaniialary-zhuredi-siia-bagdauletkyzy (қаралған күні 09.01.2020).

8. Митта А. Кино между раем и адом. // – Москва: Издательство АСТ, 2020.

9. Морозова И. Жанровые модели игрового биографического фильма //Автореферат. [Электронды ресурс] / «ВГИК». – Электронды мәлімет: – Москва. – 2018. – Қолжетімді режим: https://vgik.info/upload/science/aspirantura/%D0%90%D0%92%D0%A2%D0%9E%D0%A0%D0%95%D0%A4%D0%95%D0%A0%D0%90%D0%A2%20%D0%9C%D0%9E%D0%A0%D0%9E%D0%97%D0%9E%D0%92%D0%90_end.pdf (қаралған күні: 05.01.2020).

10. Мусин Ч. /Қазақстан тарихы/ Оқулық, 3-басылым. – Алматы, 2005.

11. Нөгербек Б. Тұңғыш қазақ режиссері кім? [Электронды ресурс] / «Өнер порталы». – Электронды мәлімет: – Алматы. – 2017. – Қолжетімді режим: https://www.oner.kz/cinema/view/5978-tunggysh-kazak-cinorezhisseri-cim (қаралған күні: 06.01.2020).

12. Р.Меделбек. Құрманжан Датқа қазақ көрерменіне қандай ой салды? [Электронды ресурс] / «Азаттық радиосы». – Электронды мәлімет: – Прага. – 2017. – Қолжетімді режим: https://www.azattyq.org/a/kyrgyz_cinema_kurmanzhan_datka_film_screening_in_almaty/26634387.html (қаралған күні: 16.12.2019).
13. Рахманқызы Н. Сатыбалды Нарымбетов: «Мен үшін әр кино от ішіне кіріп шыққанмен бірдей // «Егемен Қазақстан» газеті, 4 наурыз, 2016.
14. Рахманқызы Н. Тұлпардың ізі. – Астана: Фолиант, 2018.
15. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // «Егемен Қазақстан» газеті, 5 қаңтар, 2021.
16. Филд С. Киносценарий: основы написания / Сид Филд; [перевод с англ. А. Кононова, Е. Кручиной]. – Москва: Эксмо, 2019.
17. Эйзенштейн С. М. Советский исторический фильм / С. М. Эйзенштейн // Избранные статьи. – М., 1956.
18. Эйзенштейн С.М. «Александр Невский» // Эйзенштейн С.М. Избр. ст. М., 1956.

Makat Kamila
Mukusheva Nazira

FEATURES OF THE WORK OF THE DIRECTOR OF PHOTOGRAPHY AND PRODUCTION DESIGNER IN THE FORMATION OF THE FILM ATMOSPHERE

Макат К.Р.
Мұқышева Н.Р.
өнертану кандидаты, профессор

ФИЛЬМ АТМОСФЕРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚОЮШЫ-ОПЕРАТОР МЕН ҚОЮШЫ-СУРЕТШІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Фильмнің сәтті шығуы, ең алдымен сценарийге, сонан кейін, әрине, режиссер, оператор мен суретшінің шеберлігіне байланысты. Кинодағы атмосфера көрерменге оқиғаны, кейіпкерлердің жандүниесін, олардың ішкі және сыртқы қайшылықтарын, фильмнің сюжетін ашу үшін жасалады. Стиль – бұл бөлшектердің үйлесімділігі, визуалдық қатардың құрылымы. Ал атмосфера – авторлар үшін де, көрермен үшін де өте маңызды. Біз фильмнің атмосферасын бақылай алмаймыз немесе санаға тікелей сіңіре алмаймыз, оны тек сезінуге болады. Фильмнің атмосферасы шиеленіске немесе қауіп-қатерге толы, көңілді, романтикалық, жеңіл, ауыр, күрделі, яғни әртүрлі болуы

мүмкін. Сондай-ақ атмосфераны қалыптастыратын жүздеген реңктерді атауға болады. Алайда атмосфераны фильм стилімен шатастыруға болмайды. Стиль көру қабілетіне, бейнеге, ал атмосфера біздің эмоциямыз бен фильмді қабылдауымызға әсер етеді.

Кадрдағы атмосфера сценарий мен фильмнің сюжетін, басты кейіпкердің қоршаған ортасы мен ішкі әлемін жеткізу үшін ғана емес, әрқилы көңіл-күй мен түрлі эмоция тудыру үшін де құрылады. Фильм атмосферасын құрудағы маңызды мамандар – қоюшы-оператор және қоюшы-суретші. Олар кадр кескінімен жұмыс істейді. Сондықтан оператор суретшінің жұмысына жетпіс пайыз тәуелді. Егер декорация фильмнің жанры мен стиліне сәйкес келмесе және қоюшы-суретші мен оператордың көзқарасы үйлеспесе, онда қоюшы-оператор үшін жарық қою оңайға соқпайды. Ал егер қоюшы-суретші фильм жанрының табиғатын түсіне алса және қоюшы-оператормен ойлары бір жерден шықса, онда олардың шығармашылық көзқарастарынанжақсы нәтиже күтуге болады.

Операторлық өнер кинематографияның ерекше саласы ретінде дамыды, оның міндеті – фильмнің мазмұнын ашатын көркем бейне жасау. Атмосфераны құру үшін оператор түс сипаттамаларын біліп, жарықты тиімді пайдалана алуы, композиция мен ракурстарды дәл таңдап, камера қозғалысы мен оптиканың әртүрлі мүмкіндіктерін қолдануы керек.

Қоюшы-суретші сценарий мәтінін бейнелік қатарға көшіреді, яғни декорациялардың, жиһаздардың эскиздерін, сызбаларын әзірлейді. Сонымен бірге деректемелерді, шынайы орта мен интерьердегі түсірілімдерге арналған орындарды таңдайды. Фильм көрсетілімінен туындайтын эмоция, көрермендердің сенімі немесе сенімсіздігі суретшінің шеберлігіне байланысты. Мысалы, «Балкон» (режиссері: Қалықбек Салықов, операторы: Әубәкір Сүлеев, суретшісі: Борис Якуб), «Үкілі Кәмшат» («Хозяева», режиссері: Әділхан Ержанов, операторы: Еркінбек Птыралиев, суретшісі: Ермек Өтегенов), «Одесса» (режиссері: Валерий Тодоровский, операторы: Роман Васьянов, суретшісі: Владимир Гудилин), «Көңілдестер ғана аман қалады» («Выживут только любовники», режиссері: Джим Джармуш, операторы: Йорик Ле Со, суретшісі: Марко Биттнер Россер), «Ғажайыптар дөңгелегі» («Колесо чудес», режиссері: Вуди Аллен, операторы: Витторио Стораро, суретшісі: Санто Локосто),«Қап-қара адам» («Черный, черный человек», режиссері: Әділхан Ержанов, операторы: Айдар Шәріпов, суретшісі: Ермек Өтегенов) фильмдерін айтуға болады және бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Жалпы алғанда, фильмдер әртүрлі болып келеді, алайда олардың барлығына тән ортақ ерекшелік – әрқайсысының өз стилі мен атмосферасының

болуы. Көзбен көріп, құлақпен есту ғана емес, адам жанын рухтандыратын көркем шындықтың болуы да маңызды. Әрине, бұл компоненттерді бір-бірінен ажырату мүмкін емес, өйткені олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысып жатыр.

Оператор мен суретшінің бірлескен жұмысы әрдайым процесті тездетеді және шығармашылық табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кейде фильм операторы бар мүмкіндігі мен шеберлігін, дарынын аямай, барынша жұмыс істеуі мүмкін. Бірақ суретші тарапынан мұндай табандылық болмаса, онда бұл фильм атмосферасына үлкен нұқсан келтіреді. Егер екеуінің жұмысы үйлесім тапса, онда фильм атмосферасы да сәтті шығатыны сөзсіз. Сондықтан түсірілім алаңындағы оператор мен суретші ең сәтті әрі үйлесімді шағын шығармашылық топ бола алады.Фильм түсіретін мамандар түсірілім орындары мен актерлерді таңдайды, сондай-ақ суретшілердің соған ұқсас суреттерін, фотолар мен фильмдерді қарап, талдайды, осылайша шығармашылық топ бір-бірін түсініп, ортақ, дұрыс бағытта жұмыс істей бастайды.

Кинодағы мамандардың басқа да қызметтердің негізін білуі маңызды. Мысалы, суретші операторлық істің, ал оператор суретші жұмысының негіздерінен хабардар болып, «ұзақ фокустық объектив» («длиннофокусный объектив»), «диафрагма», «диммер» дегеннің не екенін түсінсе, онда бұл фильмнің сәтті шығуының бірден бір кепілі екені белгілі. Егер оператор мен режиссер, суретші фильм түсіру барысында шығармашылық тұрғыдан ортақ мәмілеге келе алса, онда бір-бірімен келісе отырып жұмыс істеуі оңайырақ болады.

Соңғы кездері уақыт өткен сайын кино аудиокітапқа айналып барады, яғни экрандағы көріністерді өшіріп қойып, дауыстар мен дыбыстарды ғана тыңдап отыра беруге болады деген пікір айтылып жүр. Бірақ, ең дұрысы, фильм көрермен үшін әр секунд сайын оқиғалар тізбегін жоғалтпауға тырысып, экраннан көз алмай қарайтындай болуы керек.

Гвидо Аристарко өзінің «История теорий кино» атты еңбегінде белгілі француз кинорежиссері, сценарист Луи Деллюктің декорациямен жұмыс істеу тәсілін былай баяндайды: «Ол шынайы табиғи ортаны да (натура), павильонды да, перспективаны да (яғни кадр құру және әрқилы пландарды қолдану) декорация деп қабылдайды. Режиссер декорацияны да, перспективаны да таңдайды, сондықтан мұны жәй ғана суретке түсіру емес, керісінше, нағыз шығармашылық процесс деп қабылдауымыз керек. Оның пікірінше (Луи Деллюктің), тек декорация құру жеткіліксіз, бұған қоса оған жарық беру керек. Әр заттың өзінің қолданылуына орай, мейлің табиғи

немесе жасанды болсын, жарық оған ерекше мазмұн береді» [1, 23-24 бб.].

Мысалы, «Ғажайыптар дөңгелегі» («Колесо чудес») фильмінде қоюшы-оператор Витторио Стораро кадрдағы ауыспалы жарықтандыруды және жарық беру аспабына арналған жарық фильтрлердің көмегімен өзгеретін түстерді пайдалана отырып, қажетті атмосфераға қол жеткізді. Бір көріністе басты кейіпкерлер бір-бірімен жанжалдасады, нәтижесінде шиеленісті атмосфера қалыптасады. Фильмнің осы тұсында көшеден көк түстен қызылға өзгеретін фильтрлері бар жарық түсіп, басты кейіпкерлердің өзара шиеленісі мен сол сәттегі көңіл-күйін жеткізді. Бұл, ең алдымен, оператордың шеберлігі екенін айтуымыз керек. Сондай-ақ, «Ғажайыптар дөңгелегі» фильміндегі бір көріністе қоюшы-оператор реостатты («диммерді») пайдалана отырып, мазасыз атмосфераны берді. Басты кейіпкер мазасызданып, алаңдап тұрған сәтте, оған ту сыртынан жарық түседі («контровой свет»), нәтижесінде көрініс қанық әрі жылы түстерге ие болады. Әрі қарай көріністегі шиеленіс азайып, алаңдаушылық бәсеңдеген кезде, басты кейіпкерге түскен контур жарығы реостатта біртіндеп төмендей бастайды және бұл көрініс алдыңғы кадрмен салыстырғанда бейтарап сипатқа ие болады. Сондай-ақ осы көрініс пен атмосфераны құруға қатысқан қоюшы-суретшінің жұмысын да атап өтуіміз керек. Суретші декорация, реквизиттер мен костюмдер арқылы фильмнің атмосферасы мен стилін нақты бере алды. Дәл сол дәуірді сипаттайтын қажетті реквизиттер және түстерді қолданды.

Жоғарыда айтылған фильмнің көрінісінде кейіпкерлердің сол сәттегі психологиялық жай-күйін көрсетудің тағы бір ерекшелігі бар: актер ойынының әсерін күшейту мүмкіндігі, ракурс, камера қозғалысы, жарықтық-тоналды композиция («свето-тональная композиция») сияқты тағы да басқа бейнелеу құралдарының көмегімен жекелеген іс-әрекеттер және қимыл-қозғалыстардың психологиялық күрделілігі мен шиеленісіне баса назар аударылды.

Аталмыш фильм авторлары барлық көркемдік компоненттерді шебер үйлестіріп, өзара байланыстыра алған. Нәтижесінде операторлық шешімнің, актер ойыны мен дыбыстық қатардың, музыканың фильмнің негізгі тақырыбымен шебер ұштасқанын көреміз.

Оператордың жұмысы – киноның негізгі діңгегі. Театрды актерсіз, ал киноны операторсыз елестету мүмкін емес. Оператордың шығармашылығы көркем суретті, деректі кинода айрықша көрінеді, ал анимациялық кинода азаяды. Дегенмен анимациялық фильмдерде суреттер фотографиялық құралдармен түсіріледі. Олай болса, кинооператор – бір жағынан талантты суреткер, екінші жағынан – техника маманы болуы керек.

Британдық режиссер Майкл Пауэл кинодағы қоюшы-суретші туралы былай дейді: «Егер авторды түпнұсқадағы кітаптан немесе дайын сценарийден ажырата алса, онда кино түсірушілер арасындағы ең ерекше ойлы адам – қоюшы-суретші екенін көрермен біле бермейді. Үлкен экраннан біз көретін ғажайып бейнелердің авторы – қоюшы-суретші екенін айқындайтын нақты түсінік әлі күнге дейін қалыптаспаған» [2, 9 б.].

Шынында, кез келген көрермен, тіпті кәсіби киносыншылар да қоюшы-суретшілер мен олардың кинематаграфияға қосқан үлесі туралы мәліметке қанықпыз деп айта алмайды. Негізінде әдеби сценарийдегі авторлық ойды визуалды шындыққа айналдыратын маман – осы қоюшы-суретшілер екенін естен шығармаған жөн. Олар ең алғашқылардың бірі болып, өздерінің эскиздері арқылы теориялық материалға жан бітіреді.

Біз жоғарыда кинода елеусіз ештеңе болмайды дедік. Осы ретте С. Люмет өзінің «Как делается кино» атты еңбегінде былай дейді: «Фильм стилін қалыптастыруда операторлық жұмыстан бөлек, дизайн мен костюмдер де өте маңызды рөл атқарады. Оларды басқаратын маманды «қоюшы-суретші» деп атайды. Бұл термин тұңғыш рет «Унесенные ветром» фильмінде пайда болды (суретшісі – Уильям Кэмерон Мензис). Ол декорациялар мен костюмдерді ғана емес, сонымен қатар арнайы эффектілерді, тіпті пленканың шығуын да бақылап отырған» [3, 23 б.].

Егер суретші фильмнің атмосферасын «шынайы» етіп жасай алса, онда көрермен оған сенуге дайын болады және заттық-кеңістіктік ортаның қолдан «жасалғанын» байқамайды. Кино суретшісі неғұрлым жақсы жұмыс істесе, оның фильмдегі жұмысы соғұрлым аса байқалмайды. Міне бұл – кино суретшісінің кәсіби этикасының формуласы. Кеңес кезеңінде егер фильмде суретшінің жұмысы байқалса, онда бұл қате деп есептелді және қайта түсіруді қажет етті.

Қоюшы-суретші – декорациялар мен реквизиттердің көмегімен тұтас кино әлемін қалыптастыратын маман. Кинода көрсетілетін дәуірдің сипатын сақтау өте маңызды. Егер керісінше болса, онда көрермен экрандағы оқиғаларға сенбейді. Бірақ кейде сценарийдегі сюжет бойынша түрлі уақыт пен дәуірде өтетін оқиғалар бір біріне ауысып отыруы мүмкін, міне осы кезде қоюшы-суретшінің шеберлігі ауадай қажет болады. Суретші өз жұмысын бастамас бұрын, оқиға өтетін дәуірмен, кейіпкерлермен, режиссер мен оператордың көзқарасымен танысады. Егер ол сценарийде баяндалған дәуірді, оқиғаларды терең зерттеп, жеткілікті уақыт бөлсе және көп мәлімет жинай алса, онда декорациялар қызықты әріерекше мағынаға ие болады.

Сергей Эйзенштейн өзінің соңғы фильмдерінің бас суретшісі Иосиф Шпинельдің қосқан үлесін жоғары бағалады. И. Шпинель декорациялардың авторы болды және жалпы бейнелеу мәселелерін шешуде аса шеберлік танытты. Суретші, оператор және режиссердің өзара шығармашылық байланысы кино өнеріндегі маңызды тақырыптардың бірі. Жақсы суретші қоршаған ортаны қалай жақсы көрсетуге болатынын алдын ала ойлап, оператор мен режиссерге мизансцена құруда тиімді кеңестер бере алады. Кино суретшісінің оператормен өзара шығармашылық байланысы да маңызды. Егер түсірілім тобында суретші мен оператор арасында өзара түсіністік болмаса, онда фильмнің бейнелеу қатары зардап шегеді. Сонымен қатар, фильм қандай жанрда түсірілсе де, әрдайым кәсіби суретшінің қажеттілігі туындайды.

Осылайша оператордың міндеті – шеберлігін көрсету, фильм атмосферасын бере алу, кино түсіру процестерін орындау болып табылады. Кадрлардың құрамы, жарықтандыру оператордың шығармашылық және өндірістік жұмысының мазмұнынан туындайды. Фильмдегі оқиғалар мен түрлі құбылыстардың «шынайылығына» көрерменді сендіріп, атмосферасына ендіру үшін экспрессивті кадрлар, қызықты жарықтандыру болуы керек.

Бұл талаптар әрдайым фильмнің тақырыбына, жанрлық, стилистикалық ерекшеліктеріне және оператордың шеберлігіне тікелей байланысты. Оператор шығармашылығының суретші немесе жазушы шығармашылығынан айырмашылықтары бар. Оператор бәрін бірге алып жүруі керек. Ол кескіндемені жақсы көреді – бірақ суретші емес, фотографияны жақсы көреді – бірақ нағыз фотограф емес. Операторлық жұмысты жасау үшін ол көп нәрсені біліп, түсінуі керек, бірақ өзінің тікелей міндеттеріне басты назар аударуы тиіс. Егер оператор жарықпен сурет сала алатын болса, онда ол нағыз шебердің өзі болғаны.

Оператор павильон мен табиғатта да, аптап ыстық пен жаңбырлы, боранды күндері де, су астында да, т.б. түсіре білуі керек. Бірақ оператор ең жақсы деген ракурсты таңдауға, композиция құруға, материалдың жоғары көркемдік сапасына және оны көрсету формасына техникалық тұрғыдан қол жеткізе білуге міндетті.

Сонымен қатар, суретшінің шеберлігі экранда кескіндер жасай білумен тығыз байланысты. Қоюшы-суретші сценарийді кескіндеме диапазонына аударады, декорацияның эскиздері мен суреттерін, фильмнің графикалық дизайнын дайындайды. Декорациялар мен реквизиттер, олардың сахнада орналасуы – осының бәрі фильм оқиғалары үшін фон, дизайн ретінде қызмет ететін объективті шындықты құрайды.

Мамандардың жұмысы көрерменге көрінбесе де, фильмнің сәтті немесе сәтсіз шығуы ондағы атмосфераның нанымдылығына, қоюшы-суретші мен қоюшы-оператордың кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Сондықтан суретші де, оператор даең алдымен шығармашыл тұлға болуы керек. Кино түсіру процесінде олардың еңбекқорлығы, жауапкершікті сезінуі, көпшілікпен жұмыс істеу алуы өте маңызды.

Әдебиеттер:

1. Аристарко Г. История теорий кино. – Москва: Искусство, 1966
2. Цит. по: Frayling, Christopher. Ken Adam Designs the Movies: James Bond and Beyond. – London: Thames & Hudson, 2008. – P.9.
3. Люмет С. Как делается кино / Перевод.:Д. Морозов, К. Донская. – М.: 2019

Omirbek Aigolek
Mukanova Roza

MODERN KAZAKH CINEMA: PURITY OF LANGUAGE AND SCREEN CULTURE

Өмірбек А.
Мұқанова Р.Қ. профессор

«ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІ: ОНДАҒЫ ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ МЕН ЭКРАН МӘДЕНИЕТІ»

Жаһандану заманындағы көштің басын ілгерлетуші тенденцияға ілесу бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Қай саланы алып қарамасаңызда, өз бетінше дамып, көркейіп, лайықты жемісін беріп жатыр. Өмірлік шындықтан гөрі виртуалды ақиқат дендеген бұл заманда техниканың соның ішінде экран мәдениеті мен тіл тазалығының атқарар рөлі аса маңызды. Бұл мақала заманауи қазақ кино өнеріндегі экран мәдениеті мен тіл тазалығы турасында болмақ. Көгілдір экран коммерциядан көз ашар емес. Оған себеп көп. Отандық заманауи кино өнері коммерциямен көңіл жабырқатса, авторлық киномен қуантып келеді. Солардың қатарында авторлық кино өкілі, жас режиссер Әділхан Ержановтың картиналары. Әділхан Ержановтың ерекше көзқарасты, өзгеше стильді режиссер екендігін оның бірнеше туындысын көргенде-ақ байқауға болады. Сөзімізге дәлел ретінде оның 2014 жылы жарыққа шыққан «Хозяева» фильміне талдау жасасақ.

Фильм тақырыбының сәтті таңдалғындығын фильмнің сюжетінен аңғаруға болады. Дүниеде кез-келген нәрсенің өз қожайыны бар. Ит екеш иттің де, жансыз заттың да өз билеуші күші бар. Ал адамдар, мына дүниеге иелік еткілері келеді. Олар өздері өмір сүріп жатқан әлемнің иесі бар екенін ұмытқан. Өздерін еркін, ешкімге бағынышты санамайды. Құдайын ұмытқан. Сол үшін де адасқан. Фильм идеясының тағы бір қыры осыда. Билікке деген, саясатқа деген ашық көзқарас режиссердің индивидуалды позициясын айқын көрсетіп тұр. Бұл фильм арқылы Ә.Ержанов қоғам бейнесін, ондағы адам бейнесін дәл көрсеткен. Фильм сценарийінің сауатты жазылғандығына баса назар аударған жөн. Жалаң, сенімсіз, жасанды диалогтар жоқ. Бәрі нақты, дәл, өз орнымен қолданылған. Кофликт әр түрлі дәрежеде көрініс береді. Мәселен, адамзаттың өз ішімен, жан дүниесімен конфликтісі, қоршаған ортамен, жоғары тап өкілдерімен арпалысы бұның барлығы фильм тақырыбын одан сайын ашуда. Полиция бастығының намаз оқу сәтіне тоқталсақ. Жалғанды жалпағынан басқан бұл пенденің намазға жығылып, құбылаға қарағандағы Лениннің суретіне қарап намаз оқуы оны ақтап алушы жалғыз дәйек іспетті. Бұл оның жан дүниесі. Бұл оның шынайы екіжүзді, элюзиялы бейнесі. Фильм кейіпкерлерінің бейнесі де осы тектес. Себебі, барлығының типтік характерлері ұқсас. Қоғамдағы келеңсіздіктердің бірі де осыда жатыр. Қазіргі қоғам ондағы адамдар бірдей тасжүрек, жабық, салқынқанды болып барады. Адамның тағдыры ойыншыққа айналған. Адам тағдырына бейжай қарау. Бұның барлығы фильмде айқын көрсетілген.

Фильмнің көркемдік шешімдері, таңдалған локация, шынымен де фильм сюжетімен біте қайнасып жатыр. Туындыдағы басты күштің бірі ол кейіпкерлердің билеуі. Бұл режиссерлық көзқараспен сәтті таңдалған шешім. Барабанның дауысымен берілген музыканы екі түрлі мағынада келтіруге болады. Бұл музыка көңілді, билеуге ыңғайланған болғанымен кекесін, астарлы әуенді суреттейді. Фильмнің графикасы ұсқынсыз, лас, сұрқай түстерден көп көрініс бергендігімен, бірер сәттерде жайдары, жасыл, әсем табиғатты да көрсетеді. Бұл әлі қоғамның үмітті, ластанбаған бөлігі іспетті. Ондай жап-жасыл сұлу әлемнің барынан көрініс. Осы секілді сан алуан көркемдік шешімдер мен ұтымды көзқарасқа құрылған бұл фильмнің айтары мен берері мол. Фильмдегі операторлық жұмыстың жоғары дәрежеде екендігі де көрініп тұр. Орта план мен ірі планды, жалпы планды да қолданған. Кейіпкер эмоциясын, ситуациялық тұстарды да айқын көрсеткен. Жалпы алғанда фильмнің идеясы мен миссиясы анық. Ерекшелігі фильмнің жеткізілу стилінде. Метафора, теңеу, сарказм, ирония секілді троптар арқылы берілуі, астарлап кейде тура айтылуы фильмнің басты ерекшелігі мен өзгешілігі болып табылады.

Осы сынды заманауи авторлық кино өнерінің өкілдері қазақ авторлық киносын жасауда бар күш жігерін салуда. Одан бөлек, Э.Байғазин, С.Апрымов, Д.Омирбаев, Н.Торебаев сынды тағы басқа режиссерлар бар.

Кинодағы тілдің қолданылу аясы өте кең. Себебі, тіл - киноның негізгі бөлігі. Тіл - кино табиғатын, оның ішінде кейіпкер табиғатын ашушы, көрерменге ой салушы жойқын қару. Әр кезең мен кейіпкер табиғатына байланысты тілдің нормалары мен заңдылықтары өзгеріп отырады. Қазақ тіл білімінде функционалды стильдерді осылай топтастырады: ауыз екі сөйлеу, ғылыми стиль, ресми стиль, публицистикалық және көркем әдебиет стилі.

Осы стильдердің, ондағы заңдылықтардың киноға тікелей қатысы бар екені белгілі. Кино- көрермен тәрбиелеуші құрал, ой салар орта десек, ондағы тіл де сауатты, анық, көркем әрі түсінікті болуы шарт. Қазіргі киноөндірушілер киноға жоғарыда айтылған стильдің бірі ауыз екі сөйлеу стилін қатыстырып, жақсы кинокартинаның дәрежесін түсіріп жатқанын әсте байқамайды. Әрине, кино тілі тек әдеби, көркем болу керек деген қағида жоқ. Дегенмен, ауыз екі сөйлеу стилінің де өзіндік ерекшеліктері мен қолданылу аясы мен түрлері болады. Жаргон, диалект, паразит сөздерді кинода қолдану арқылы біз жетістікке жетпейтініміз анық. Олай болса, осы мәселенің себебі мен салдарына тоқталайық. Тіл айшықтығы-дегеніміз не?

Жалпы адамзат баласы таза, анық, сауатты сөйлеуге талпыну керек. Таза сөйлеу ол ой айқындығының, нақтылығының белгісі. Ежелде аталарымыз «Адам аласынан сөз аласы жаман, от шаласынан сөз шаласы жаман» деген. Өзінің туған тілін, бай тілін бағаламай,ана тілінде таза сөйлей алмаған адамдарға қатыстырып айтса керек. Біз тіл арқылы өнерді, білімді, ғылымды, әдебиет пен өнерді иегереміз және өмірдегі өткен кеткендерден сабақ аламыз.

Зерттеуші-ғалым М.Балақаев тіл мәдениетін тереңінен зерттеген еңбектерінде тіл мәдениетінің негізгі принципі деп құралған сөйлемдердің жеке сөздердің, оқырманға бірден түсінікті болу керектігін жеткізген. Сауатты жазу, сауатты сөйлеу, тіл тазалығы мен жалпы сауаттылық тіл мәдениетінің негізгі компоненттері болып табылады.

Тіл айшықтығы әр салада әртүрлі көрініс беруі мүмкін. Ғылым мен техниканың тілдік ерекшеліктері өзге, әдебиет пен өнер, газет-журнал тілі өзге. Кино осының барлығын бір арнаға тоғыстырушы орта десек болады. Себебі, киноның жанры, ондағы кейіпкерлердің сөйлеу мәнері мен стилі әр алуан. Сол себепті, кино тілінің қанық, ұтымды әрі мағыналы болу міндетті. Қазіргі киноматографиядағы тіл айшықтығы

ақсап тұр. Киножасаушылар көп жағдайда өздерінің сауатсыздықтарын көрсетіп алып жатады.

Адамзаттық өркениеттің болмысын суреттейтін анықтамалар өте көп. Солардың ішінде, үлкен мәдени әрі қоғамдық маңызға ие ол экрандық мәдениет. Экрандық мәдениет тек кино ғана емес өнер, мәдениет, әдебиет пен филолсофия саласында да кең етек алған. Экрандық мәдениетке бұқаралық ақпарат, бұқаралық мәдениет пен телевизияда көрсетілген барлық дүние кіреді. Сонымен қатар, телесериалдар мен фильмдер, компьютерлік ойындар мен бағдарламалар кіреді. Бізге керегі кинофильмдегі демек кино әлеміндегі экрандық мәдениет. Кино әлеміндегі жоғары технологиялық жетістіктің бірі, нақты тарихи, экономикалық оқиғаның өнімі деп есептеуге болады. Жалпы, экран мәдениетіне ең жақын көзқарасты венгр жазушысы Б.Балашты айтуға болады. Ол кісі өзінің қызметтік жолын сонау кеңес үкіметінен бастаған. Экран мәдениетіне нақты анықтама беріп, сенімді әрі өзіндік тұжырымдама жасаған бірден бір зерттеуші ретінде Балашты мысалға алуға болады. Балаштың «Кино өнері» атты еңбегі әлемдік өнертануға сүбелі үлес қосқан. Оның пікірінше, экран мәдениетінің негізі кино өнерінде жатыр. Тек қана кинода экран мәдениеті бар деген тұжырым келтіреді. «Фильм – біздің ғасырымыздың көпшілік мәдениеті» деген жаңа ұғымды қалыптастырған алғашқы адам болды. Жоғарыда айтқанымдай, Балаш экрандық мәдениетке тек кино жатады деген. Әр заман өкілдері экран мәдениеті жайында әртүрлі пікір мен тұжырымдамалар айтады. Әркімнің келтірген дәлелдері мен ойлары белгілі бір дәрежеде шындыққа жанасады.

Қазіргі заманғы киноны зерттеуші, мәдениеттанушы Г.К.Пондопулоның ойынша, өнерді бағалау мәдениет шындығы ретінде өнерді аса бір ерекше құбылыс ретінде жеке дара қарастырған жөн екенін айтады.

Кино өнері әлемдік мәдениеттің озық үлгісі және элитарлық тәжірибе жасау сипатындағы үздік туындыларды дүниеге әкелген, өнердің әмбебап саласы. Осылайша экран мәдениеті техногендік және өркениет пен жаһандану дәуірінің бейнесіне айналып отыр. Техниканың дамуына байланысты киноматографияның компьютерлік мүмкіндіктерінің кең өріс алуына байланысты соңғы уақаттарда картиналар сапалы кейіпке ене бастады. Киноның даму эволюциясына қарай оның мүмкіндіктері де өзгеріп отырды, онымен қоса экран мәдениеті де әртүрлі көрініс берді. Экран мәдениеті маңызды дүниелердің бірі, дәл қазіргі таңда ол заманауи кино өнерінің мәдени сипатына айналып отыр.

Қарапайым тілмен айтсақ экран ол – кино. Ал, кино – өнер. Адамзат тарихында кино өнері пайда болғалы, кейін оны өнер ретінде енгізген уақыттан бері ол бүгінге күнге дейін өнер есебінде. Және солай қала бермек. Бірақ, сол бір құдірет күшке ие өнер саласын жеңіл әрі арзан бизнеске айналдырған кәсіби кино мамандарын былай қойғанда, әуекөй киноөндірушілер қаптап кетті. Қаптап кету, біз білетін өсу, өркендеу, даму, қатарға қосылу дегендерден мүлдем бөлек нәрсе. Әрине, адам болған соң, жұмыс істеп, ақша табу, жоғарыда айтылған әлемдік тенденцияға ілесу үшін бизнес жасаған дұрыс-ақ. Дегенмен, сөз болып отырған экран мәдениетін бұзған «Ұлы дала комедиясы», арзан әзіл мен уақытша жалаң күлкінің символы болған «Махаббат кофесі», «Гудбай мой бай», «Дочь Чингизхана», «Загадай желание», «Сиситай» сынды кинокартиналар легі толып жатыр. Толып жатқан лек ертеңгі трагедияға алып келерін қазіргі қоғам мүшелері түсіне ме? Әрине, комерциялық киноның болуы қай кезеңде де жақсы, бірақ егер сапасыз сылдыр су болса, көрерменге ой салудың орнына, бір жарым сағаттық есер күлкіге бөлеген мұндай дүниелер кім үшін жасалуда? Халық үшін? Жоқ, халыққа мұндай дүниелерді ұсыну символдық түрде айтқанда «күнә».

Мысалға алынған, «Ұлы дала комедиясы» фильмін талдасақ. Ең алдымен, бұл заманауи коммерциялық кинокартина. Коммерцияның дәурені жүріп тұрған қазіргі кезде, көгілдір экраннан осы сынды кинотуындылар түсер емес. Коммерция қашанда керек екені анық. Бірақ, менің ойымша, өзіндік нормалар мен заңдылықтарға бағынуы шарт.

Фильм басталмай жатып, көпірден секірмек болған қыздың аузынан «кароче» деген сөздің шығуы құлаққа түрпідей тиді. Суицид жасамақ болған қызды олай жасамауға үгіттеп тұрған екі полиция қызметкерінің сөйлеу мәнері құдды қыздың сөйлеу стиліне антоним дерсіз. Тура әдеби кейіпкерлер құсап қызды сабыр сақтауға шақырады. Ақылға қонымсыз. Бұл сөз фильм барысында бір емес, бірнеше мәрте қайталанады. Одан бөлек, фильмде орыстың жаргон сөздері мен қазақ тіліндегі диалект сөздер көптеп кездеседі. Экран мәдениетін өрескел бұзған «ампылда», «бермеймін, бүгін шаршап тұрмын» деген сынды тұрпайы сөздер еш арнаға сыймайды. Осы сынды олқылықтарға толы бұл фильм көрерменді тек бірер сағаттық арзан күлкіге ғана бөлейді. Қазіргі отандық соның ішінде, коммерциялық кинокартиналар қатары осы тектес туындылармен толығып келеді.

Өздеріне фильм түсіріп өз илеулерін өздері илеген жұлдызды түсірілімдік топ қазақ киноөнерін қалыптастыруда. Кино – көрермен тәрбиелеуші бірден –бір жойқын қару десек отандық арзан кинолардың берер қандай пайдасы бар? Табыс әкелетіні, эмоция сыйлайтыны, езу

тартқызатын рас. Бірақ , моральдық тұрғыда адам бойына іліп алар үлгі бермесе ол дүниені өнер деп атау қиынға соғары хақ. Күнделікті өмірдегі тұрмыстық оқиғалар мен экраннан көрсетілетін көркем шындықтың айырмасы болмай барады.

Сол себепті, сапалы әрі ғұмырлы туындылардың дүниеге келуі үшін алдымен көрермен тәрбиеленуі керек. Символдық түрде тәрбиелеу деген сөзді талғам қалыптастыру деп баламалауға болар. Көрерменнің талғамы қалыптасу үшін, сапалы әрі, ғұмырлы, тың һәм мол идеяға толы туындыларды көгілдір экранға шығару керек деп есептеймін.

Әдеби тілге жоғарыда тоқталдық. Кино өнерінде фильмнің жанры мен стилі, идеясы мен сюжетіне байланысты сөздік қор да, тіл мәдениеті де әртүрлі болады. Хандық тұсындағы кейіпкерге біз заманауи сөйлеу стилін жапсыра алмаймыз. Бұл ақылға қонымсыз. Бірақ осындай өрескел қателікке жол берген фильм өкінішке орай бар.

Ең адымен, сол кино өнеріндегі тіл демек тілдік нормаларға тоқталсақ. Тілдің норма дегеніміз не? Тілдік норма дегеніміз – тіл материалдарын нормалау, тілдегі бірізділік, белгілі бір ереже мен заңдылықтарға бағыну деген сөз. Тілдік норма тілдің ішкі заңды ережелеріне немесе жүйелері негізінде дамып, қалыптасады. Олар ұтымды қолданыста, жалпыға бірдей ортақ түрде жұмсалады. Ал сол реттілікті қалыптастыратын да жүйелейтін де – әдеби тіл. Сөздің мағыналары, тілдің грамматикалық, синтездік құрылысы бәрі қалыптасқан нақты ерекшеліктерге негізделеді. Әдеби тіл бір арнаға тоғыспайтын немем бір жүйеге реттелмейтін бытыраңқы тіл емес. Қазақтың әдеби тілі бай, айшықты, әрі әмбебап. Бір жүйеге бағынған тілдің нормасы қай жерде де өзіне тән қасиетін жоғалтпаған. Ал кино өнерінде ол белгілі бір өзгерістерге ұшырап, сұрыпталып, жіктеліп басқаша көрініс беретіні анық.

Дегенмен, екі салаға да тән нәрсе, сауаттылық, нақтылық әрі түпнұсқалық болып табылады. Себебі, тілдік нормаларды бұзып, оларлы қате қолдану ешқандай кинотуындының болашағын жарқын етеді деп сену қате түсінік.

Әрбір кинотуындының өзіне тән тілдік ерекшеліктері болады. Ол киноның сюжеті, идеясы, тіпті локация мен жанрына да байланысты. Тіл-қару. Себебі, сөз арқылы көп нәрсені түсіндіріп, айтар ойды жетер жеріне жеткізуге болады. Ал оны дұрыс пайдаланбаған жағдайда, көркем туындының сапасын түсіру оңай дүние. Кез-келген киноөндіруші сценарийде, фильмде тілдің маңызды рөл атқаратынын түсінеді, түйсінеді, ұғынады. Бірақ, кейбір заманауи сценаристтер немесе режиссерлер киноға тұрмыстық сипаттағы сөздерді көптеп кіргізіп, оның ішінде диалект, жаргон сөздерді қолданып жүргені

жасырын емес. Көрерменді арзан күлкіге әуес қылған киноөндірушілер бұның дұрыс еместігін біле тұра, осындай қадамға баруларына не себеп? Көгілдір экран мен күнделікті өмірдің еш айырмашылығы болмай бара жатыр. Заманауи қазақ киносындағы тілдік нормалардың сақталмай, өрескел қателіктерге бой алдырғанын көріп жүрміз. Тілдік нормаларды сақтамақ түгілі, өз алдарына сөз ойлап тауып, оның қате екені көрініп тұрса да, соқыр мылқаудың күйін кешетін кейбір кино жасаушылар, көрерменді арзан дүниемен алдарқатып жүр. Кейіпкер аузынан шыққан сөздің кейіпкер табиғатымен мүлде сәйкес келмей, немесе құлаққа тұрпайы естілетіндігі жасырын емес. Осы секілді көптеген олқылықтарға толы қазақ киносының бүгінгі жай –күйі мәз емес.

Бірақ, дәл осы әдеби тіл нормасын өрескел бұзып, сценарийге немқұрайлылық танытқан фильмдердің бірі 2019 жылы жарық көрген Рүстем Әбдірашевтің «Алтын тақ», «Алмас қылыш» атты екі кинотуындысы болды. Осы фильмде кеткен кейбір олқылықтар тілде ғана емес көркемдік жағынан да байқалды. Нақтырақ тоқталсақ...

Қазақ халқының тарихы тереңде жатыр. Осы уақытқа дейін ұлылығымызды ұлықтап, жаужүректілігімізді жыр қылып айтып, мәңгілік ел екендігімізді мадақтап келген мәдени әрі рухани маңызға ие шаралар мен ауыз толтырып айтарлық жетістіктерге сан мәрте куә болдық. Бұл – біздің тарихымыз. Тарихты таныту, оны дәлелдеу мен көрсетудің сан алуан түрі бар. Соның бірі кино өнері. Кино өнері қай заманда да өзекті әрі үнемі жырланатын тақырып. Өйткені, дәл осы кино арқылы біз өткен өмірімізге, жоғарыда айтылған тарих беттеріне тереңнен үңіле отырып, өнер тудыруға мүмкіндік аламыз.

Елдігіміздің бастауы болған, мемлекеттілігіміздің негізі болған ең маңызды тарихи оқиға ол біздің Қазақ Хандығы болып тарих сахнасына келуіміз еді. Сол Хандығымыз хақында «Қазақ хандығы. Алмас қылыш», «Қазақ хандығы. Алтын тақ» атты толықметрлі екі көркем фильм түсірілді. Әрине, бұл бастаманың жақсы екендігі айтпаса да түсінікті. Бірақ, фильмді көре отырып, сценарийіндегі олқылықтар мен сюжеттік желінің шашыраңқы, кейбір көркемдік шешімдердің сенімсіз екендігіне көзің жетеді. Біз жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Әр дәуірдің өзіндік сөйлеу стилі, сөздік қоры мен сөзді қолдану парқы бар десек, біздің күнделікті тұрмыста қолданатын кейбір сөздеріміз, нақтырақ айтсақ, диалектикалық өзгеріске ұшыраған сөздер он төртінші ғасырда қолданылды дегенге сену қиын. Жәнібек хан образын сомдаушы актер Еркебұлан Дайыровтың аузынан шыққан «кәзір» сөзінің қолданылу аясы дұрыс еместігін қарапайым көрермен де байқайтыны анық. Фильмдегі Шах-Мұхаммедтің бірнеше мәрте қайталаған «Няғып отсыңдар» сөзі

құлаққа түрпідей тиді. Қазақ хандығын ерекше саяси билігімен басқарған, мол парасаттың, зор білімділіктің иесі, тақ мұрагері Бұрындық ханның «Кітап оқып-оқып миың ашып кеткен бе?» деген жалаң, қарабайыр, арзан сөзді қолдануы ақылға сиымсыз. Бұған қоса, қазақ тілінде «өшпес таңба» деген тіркес барын бәріміз жақсы білеміз. Бірақ, фильмде оның «кетпес таңба» болып баламалануы, «майданға кіреміз» дейтін ретсіз қолданылған сөз тіркестері көңілге күдік ұялатты. Екінші бөлімі «Алтын тақ» кезеңін былай қойғанда, «Алмас қылыштағы» Жаһан Бикенің жау төтеп берердегі «Қамдан» сөзін жарияға жар салып «Қандан» деп айтуы тілге деген салғырттық пен белгілі бір дәрежедегі білімсіздікті аңғартпай ма? «Көздеріңнен бұлбұл ұштырамыз» дегенді естуіңіз бар ма? «Бұлбұл ұшыру» емес пе еді?! Хандығымызды көрсеткен, бүгінгі күніміздің бастауын танытқан, бай тарихымызды тірілтіп, ұлы халық екендігімізді тағы бір мәрте танытпаққа ниеттенген осынау үлкен жобаның қарапайым мектеп оқушысы аңғарар қателіктерге жол бергендігі өкінішті. «Сөз-ол өнер». Оның құдіреті шексіз. Және оны орынды әрі ұтымды пайдалану маңызды факторлардың бірі.

Фильмнің драматургиясы салыстырмалы түрде айтсақ, адамның жаны іспетті. Жансыз адам-өлік. Тіршілік иесі деген ұғымға сыймайтыны секілді драматургиясыз фильм де өзіндік шыңын жоғалтып алатынын ескере кеткен жөн. Әрине, фильмді мүлдем драматургиясыз деп айту мүмкін емес. Дегенмен де, оның әлсіз екенін, фильмдегі шарықтау шегі демек кульминацияның жоқтығынан, экспозицияның әлсіздігінен, сюжеттік желінің шашыраңқылығы мен бірініші бөлімде пайдаланылған форманың жоғалып кеткендігінен әбден байқауға болады. Оны былай қоя тұрып, интрига тудырушы сахналардың камера немесе музыка, спец.эффектлері арқылы жеткізілуі жоқтың қасы.. Бұл жоғарыда айтылған сөздік қордан қарағанда жарасы жеңіл мәселе болғанымен, дамыған заманда техниканың өз дәрежесінде лайықты пайдаланылмағаны қынжылтады. Қобыланды мен Боралдай жекпе-жегінде массалық сахна актерларының дауыстары қылыштасқан екі жауынгер дауысынан аса алмай, тасада қалып қойып, басталған музыканың шегіне жетпей өшіп қалатындығы сұрақ тудырады. Бұл фильм атмосферасын құртушы сәт. Көз алдыңдағы оқиғаға сенгің келмейді. Жалпы алғанда, фильм музыкасы сәтті таңдалған.

Екінші бөлімдегі Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі намаз оқу сәті. Көрер көзге бүгінгі күн атмосферасын береді. Олай дейтін себебім, кесене қабырғаларының бояулары, едені, барлығы бүгінгі күннен көрініс беріп тұр. Фильмдегі графиканың тым ашық, көркем, әдемі болуының өзі сенімсіздік тудырғандай. Он төртінші ғасыр

кезеңін тек реквизит пен костюм, онымен қоса кең байтақ дала арқылы ғана сезіндіре алғандары өкінішті...

Төрт жыл уақыт бойы түсірілген бұл кинотуындының мақсаты мен миссиясы айқын. Бірақ жоғарыда айтылған келеңсіз тұстардың болуы біздің әлі жас, дамушы ел екендігімізде де аңғартады.

Осы тектес фильмдер тізбегі толып жатыр. Неге екені белгісіз қазірге киноматографтар тек рейтинг пен санға жұмыс істеп кеткен секілді. Сапа мен идея, мазмұн мен мағынаға мән берер ешкім жоқ.

Кинодағы тіл айшықтығы маңызды мәселелердің бірі. Көрерменнің ақыл –ойына визуалды әсер етуден бөлек сөздің де ықпалы мол. Осы тұрғыдан тілдің айшықты, қанық әрі сан бояуға толы, нәрлі болуы шарт. Көрермен мен кино арасындағы байланыстың орнауы кинодағы тіл мен сөздік қорға тікелей байланысты. Экран мәдениетін де барынша зерттеп, оның шыққан түп төркінін де анықтауға тырыстым. Экран немқұрайлы қарайтын дүние емес. Ондағы тәрбие мен таным, білім мен білік көпшілікке арналғандықтан, жоғары дәрежеде болу керек екені белгілі. Кинодағы экран мәдениетін қалыптастырушы туындылардың өрісін кеңейтіп, жоғарыда айтылғандай, кәсіби мамандардың қызметін арттыру қажет. Өз саласының маманы болмай тұра, біреудің нанын жеген жандардың кесірінен отандық кино саласы тоқырауға ұшырамасына кім кепіл? Сол себепті, тек сапалы өнім жасау жолында қызмет ету киногерлердің басты міндеті деп білемін.

Экран мәдениетін бұзған фильмдер тізбегі күннен күнге артып келеді. Мысал ретінде келтірілген жоғарыдағы фильмдердің жинаған бюджеті көп. Осыған қарап, көрерменнің сұранысын да анықтауға болады. Бұл қуанарлық дүние деп айтуға келмес. Заман талабына сай, сұраныста өзгереді. Талап та жоғары қойылады. Сол себепті, заман талабына сай, сапалы әрі өміршең кинокартиналарды өмірге әкелу жолында батыл қадамдар жасай білу керек.

Қорыта айтсақ, заманауи қазақ киносының келбеті көңіл толтырарлық емес. Көркемдік жағын былай қойғанда, тіл мен мәдениет жайы ақсап тұр. Сапалы кинокартиналар легін толықтыру үшін кәсіби мамандарды жұмылдыру керек деп есептеймін. Кино саласы жоғарыда айтылғандай, әр алуан қызмет түрлерінен тұрады. Әркім өз қызметіне аса үлкен жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайтын болса олқылықтар бірте-бірте жойылады деп сенемін.

Pernebek Saniya
Smailova Inna

A. ASHRAPOV'S SPECIFIC FEATURES OF THE CAMERA WORK IN CREATING AN IMAGING SOLUTION FOR THE FILM S. KHODZHIKOV "KYZ-ZHIBEK"

Пернебек С.М.
Смаилова И.Т., кандидат искусствоведения

ОСОБЕННОСТИ ОПЕРАТОРСКОЙ РАБОТЫ АСХАТА АШРАПОВА В СОЗДАНИИ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО РЕШЕНИЯ ФИЛЬМА СУЛТАНА ХОДЖИКОВА «КЫЗ-ЖИБЕК»

Фильм Султана Ходжикова «Кыз-Жибек» отмечает в этом году свой 50-летний юбилей. Популярность фильма сегодня подтверждает его актуальность: фильм любят разные поколения казахстанцев. Конечно, огромное значение имеет первоначальный материал фильма, народный эпос, который лег в основу сценария Габита Мусрепова. Даже если при первых показах встречались критические отзывы на фильм, с течением времени мы понимаем, что данный фильм стал прекрасным переложением поэмы на экран. В итоге сейчас фильм «Кыз-Жибек» мы воспринимаем как абсолютно самостоятельное произведение искусства. Немаловажным в этом понимании является изобразительное решение фильма.

Прежде всего обратимся к теории кино. По словам Всеволода Пудовкина кинематограф «в полной мере обладает силой непосредственного впечатления зрительным образом» [1, с. 114].

Под изобразительным решением фильма понимается совокупность работы постановщиков картины: режиссера, оператора и художника, которые наполняют кадр определенным визуальным содержанием в соответствии с драматургией всего фильма, а также отдельных эпизодов или сцен. Как было отмечено, в изобразительном решении фильма большое значение имеет визуальная составляющая экранной композиции кадра. Она, в свою очередь, складывается из формальных изобразительных элементов, таких как композиционная форма, светотень, колорит, объем и фактура, перспектива, ракурсы и формат. Работа над композицией кадра начинается еще в подготовительном периоде работы над фильмом.

В этот период режиссером и оператором разрабатываются и решаются главные творческие решения по фильму. За основу берется литературный сценарий. Таким образом в начале работы становится

очень важным творческий союз сценариста, режиссера и оператора, которые будут работать над фильмом. Также в этом периоде активно работает художник-постановщик фильма. Если кинематографисты видят общую цель, схожи во взглядах на кинопроцесс и готовы искать новые формы для раскрытия идеи, скорее всего при наличии таланта фильм получается успешным. Так случилось с фильмом «Кыз-Жибек». По сохранившимся фотографиям со съемочного периода ясно видно активное творческое сотрудничество режиссера Султана Ходжикова и оператора фильма Асхата Ашрапова.

О важности хороших отношений в съемочной группе, между оператором и художником в особенности, писал Андрей Тарковский в одной из своих наиболее известных книг «Запечатленное время»: «Самое главное и сложное в общении с художником и оператором состоит в том, чтобы сделать их сообщниками, соучастниками замысла, как, впрочем, и всех остальных, кто работает с тобой над картиной. Принципиально важно, чтобы они ни в коей мере не оставались пассивными, равнодушными исполнителями, но стали полновластными участниками и творцами, с которыми ты делишься всеми своими чувствами и мыслями» [2, с. 150].

Мы не можем точно сказать, насколько активно участвовал оператор-постановщик в этом фильме, но анализируя творчество Асхата Ашрапова, а также его совместные работы с Султаном Ходжиковым, мы точно можем сказать, что оба кинематографиста придерживались одного видения в раскрытии зрительного образа фильма «Кыз-Жибек».

Как известно, в фильме оператор выполняет три вида задач – творческие, технические и технологические. Технические и технологические задачи следуют из творческих, становятся воплощением определенной мысли на экране. В данной статье мы ставим цель изучить творческие задачи и их решения Асхатом Ашраповым в фильме «Кыз-Жибек».

Главной творческой задачей, поставленной режиссером перед оператором картины, которая была актуальна для экранизации всеми известного эпоса, стало гармоничное изобразительное решение фольклорного фильма. И нужно сразу сказать, задача была выполнена, так как фильм «Кыз-Жибек» является замечательным примером национального фильма, который раскрывает менталитет народа, его красоту и самобытность, не оставаясь при этом лишь этнографической зарисовкой с внешними атрибутами кочевой жизни. Как же создатели фильма добились этого?

Вернемся к составляющим композиции кадра. Прежде всего нужно сказать *о композиционной форме кадра*. Фильм был снят в конце 60-х годов, которые считаются новаторскими в советском и казахском со-

ветском кино. Именно в это время творили замечательные кинематографисты М.Калатозов и С.Урусевский, С.Параджанов и Ю.Ильенко, С.Бондарчук и В.Монахов, М.Бегалин, Ш.Айманов и, конечно же, С.Ходжиков и А.Ашрапов. В эти годы послабления цензуры кинематографистам удалось развить новые выразительные возможности кино, где работа камеры была определяющей. «Советской школе операторского искусства свойственна изобразительно-монтажная система решения фильма, где ракурсы, панорамы, крупные планы являются непременными элементами композиции, а свето-тональные эффекты – красками операторской палитры, необходимыми для усиления выразительности актерской игры на экране» – так характеризовал работу советских операторов А.Д.Головня в своем труде «Мастерство кинооператора» [3, с.15].

Опыт фильмов «Летят журавли», «Я – Куба», «Судьба человека», «Тени забытых предков» был использован отечественными кинематографистами в воссоздании истинно национального кинопроизведения. Так некоторые кинематографические приемы советских кинематографистов можно увидеть переосмысленными, использованными в новом содержании в «Кыз-Жибек». Например, в экспозиции фильма камера движется прерывисто, часто меняются короткие планы, изображение «прыгает» и буквально летает. В сцене, где Жибек показывают в первый раз, она поворачивается к камере и откидывает черное покрывало, накинутое на голову. Порывистыми движениями камеры создается тревожное ожидание, которое также было создано Сергеем Параджановым в фильме «Тени забытых предков».

В композиции кадров этих фильмов большое значение имеет *колористическая наполненность* – еще один важный изобразительный элемент. Цвет в названных фильмах имеет символическое значение. Вспомнить хотя бы знаменитый кадр с красными конями в фильме С.Параджанова, который несет в себе ярость, угрозу и смерть. Другой смысл заложен в колорит казахского фильма, но при этом используются те же художественные средства. Фильм «Кыз-Жибек» – очень красочный, яркий, он был одним из первых цветных *широкоформатных* фильмов в Казахстане. Важную роль в фильме играли эпизоды на натуре, которых большинство. Разбросанность использованных натурных ландшафтов была обусловлена желанием создателей фильма показать масштаб огромной территории казахских племен, важность символического значения для раскрытия драматургии и, безусловно, иллюстрированием красоты казахских земель. Мы не просто отметили символическое значение пейзажей фильма. Если бы пейзаж оставался лишь фоном для раскрытия сюжета, фильм остался бы простой историей о любви. Однако, каждая узнаваемая местность в фильме несла

строго определенный символический смысл в сюжетном развитии. Гора Улытау стала символом единения разрозненных племен, река Жайык – препятствием на пути у джунгар, маковые поля на юге страны – лучшая местность, символизирующая красоту молодости, мавзолей Айша биби – идеальное место, где искала успокоения в ожидании возлюбленного Кыз Жибек, а пейзажи Борового с огромными озерами стали олицетворением огромного расстояния, разделившего молодых. Съемки фильма проходили летом и осенью, когда природа цветет самыми яркими красками, наполняя кадр естественным колоритом.

Эта колористическая наполненность символично дублировалась в декорациях аулов, реквизите и костюмах фильма. Драматургическое содержание фильма полностью соответствовало колористической наполненности кадровой композиции. Это видно в каждом эпизоде. Рассмотрим более подробно эпизод ожидания вестей в экспозиции фильма. На фоне облачного неба показана одинокая статуя – балбал, в следующем кадре мы видим стоящих на одинаковом расстоянии друг от друга женщин, облаченных в черные покрывала, с детьми, далее разными по продолжительности и крупности планами в разных ракурсах показано как много одиноких женщин с детьми ждут своих мужей и отцов с битвы. Постановочность мизансцен, контраст черных платков женщин на фоне красочных платьев и природы не кажутся нарочитыми в силу своей выразительности.

С помощью данных визуальных киноприемов создается ощущение томительного ожидания, которое не выдерживает Сырлыбай и отправляет свою дочь узнать исход битвы. После того, как Жибек узнает о победе, настроение сцены кардинально меняется, как меняется и монтаж, быстрый, местами рваный, повторяющий ритм знаменитого кюя. Камера в эпизоде сюйинши очень затейливая: используются преимущественно нижние ракурсы и панорамные съемки. Но есть и очень важный смысловой момент панорамной съемки в этом эпизоде, от радости победивших камера переносится к общему плану побежденных, где кони без всадников с опущенными копьями медленно возвращаются с горькой вестью к семьям убитых. Переход довольно динамичный одним планом, что говорит об одновременности событий, далее они еще чередуются, чтобы усилить контраст победы и поражения. В этом же эпизоде мы видим еще одно метафорическое сравнение: сначала нам показывают радостную Жибек, скачущую на коне, далее ее образ ассоциируется с прекрасным лебедем, летящем в голубом небе – так впервые в фильме проводится параллель, которая также лежит и в основе лейтмотива Жибек, народной песне «Гакку». Далее на протяжении фильма мы часто будем видеть дублирование мысли определенных сцен в метафорических образах.

Символика цвета в фильме используется наравне с *фактурой и объемом*. В одном из интервью Андрей Тарковский выразил очень интересную мысль, которую мы можем наблюдать и в фильме С.Ходжикова: «Фактура в фильме выражает определенное состояние материи, момент ее изменения во времени. По-моему, эти слова особенно справедливы по отношению к цветному кино. Для цветного фильма нужно отбирать фактуру с еще большей точностью, с более определенной «спецификацией», чем для черно-белого. И именно цвет становится великолепным средством выявления фактуры, ее расшифровки, доведения ее до полной осязательности», и далее, «если в фильме цветовое ощущение подчиняется фактурному и возникает некая натуралистическая нота, которая подчеркивает качество изображаемого, его состояние, — то это кажется мне самым естественным. В кино фактура имеет первостепенное значение. Одновременно работать и с цветом, и с фактурой будет, вероятно, нелегко. Но если окажется, что я не могу согласовать точное цветовое решение кадра с точным фактурным решением, — я отдам предпочтение фактуре. По-моему, только в связи с фактурой, выявляя ее, цвет сможет передать состояние изображаемого, его «историю» и его «сиюминутность» так, чтобы зрителю казалось, что он ощущает это своей кожей» [4, с. 148-149].

Чтобы проиллюстрировать данное объяснение, вспомним кульминационный момент первой серии фильма – выбор стрелы будущего мужа. Жибек идет на такой шаг, чтобы прекратить спор двух равных по силе, мужеству и храбрости батыров. Накал обстановки добавляет смелость Жибек: выбежать на поле вражды простоволосой в нижнем платье было неприемлемо для скромной незамужней девушки. Так ее внешний вид используется для большей выразительности сцены. Ей завязывают глаза ее собственными длинными волосами, при этом можно увидеть, как красотой девушки восхищается Шеге и бережно завязывает волосы узлом Каршыга. Простое нижнее платье усиливает фактурность образа и лишь в последнюю очередь играет значение символика белого цвета платья. Именно фактура визуального образа главной героини делает эту сцену столь выразительной и напряженной. Усиливает этот образ пейзаж угасающего дня и аудиовизуальный образ летящей стрелы, выбранной на счастье Жибек.

Светотень, в свою очередь, ярко использовалась Асхатом Ашраповым в эпизоде в ак отау. Эпизод снят поздним вечером, в сумерках, что логически оправдывает использование данного изобразительного элемента. В юрте молодых горит огонь, который постоянно отсвечивается в лицах главных героев. Этот эпизод делится на несколько маленьких по смыслу сцен, и все они решены по-разному в плане использования света. Когда Толеген признается Жибек, для чего на самом де-

ле приехал в шектинцам, камера снимает лица актеров крупно, используется рисующий свет, который хорошо выявляет объем лиц героев на темном фоне юрты. Так же оператор применяет моделирующий свет, чтобы, к примеру, поймать блики в слезах, которые вот-вот польются из глаз Жибек. Но наиболее выразителен свет в сцене после признания в любви Жибек, монтажные куски в этой сцене короткие, изображающие волнение девушки. Эти сцены монтажно перебиваются планами с филином, который обрисовывается задним контурным светом. Птица движется, машет крыльями, поэтому зрителю кажется будто бы она вторит волнению юной невесты. С каждым кадром волнение нарастает, от чего движения света становятся динамичнее: игра света и тени от рассыпавшихся жемчужин, на лицах влюбленных, отблеск серебряных украшений, движущиеся тени на белом балдахине и даже тень от оборок на платье Жибек – все будто бы движется в отсветах огня, приближая зрителя к развязке эпизода – робким объятиям и наступившему утру. Этот последний счастливый для влюбленных героев эпизод был снят очень сложно и выразительно, оттого остался одним из самых запоминающихся во всем фильме.

В данной статье мы проанализировали немногие, но самые запоминающиеся эпизоды, в которых использование изобразительных приемов операторского искусства соответствовало идее и теме каждой сцены. Нам важно донести, что выразительность операторской работы Асхата Ашрапова в фильме «Кыз-Жибек» была не просто красивой и запоминающейся, но всегда была идейно выразительной. Мы убеждены, что в этом и заключается главное достоинство изобразительного решения всего фильма.

Литература:

1. Пудовкин В. Избранные статьи. – М., «Искусство», 1955 г.
2. Тарковский А. Запечатленное время. – М., 1967 г.
3. Головня А. Мастерство кинооператора. – М., «Искусство», 1965 г.
4. Тарковский А. Беседы о цвете // «Киноведческие записки», 1988 г., № 1

Suleimen Aidos
Mukusheva Nazira

THE STYLE OF THE FILM AND THE INFLUENCE OF THE CINEMATOGRAPHER ON ITS FORMATION

Сүлеймен А.Т.
Мұқышева Н.Р.
өнертану кандидаты, профессор

ФИЛЬМНІҢ СТИЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОПЕРАТОРЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ТИГІЗЕТІН ЫҚПАЛЫ

Кино – XX ғасырдың соңында пайда болып, XX ғасырда дамыған өнер. Оның пайда болуы оптика, химия, электр және фототехниканың, көру физиологиясы саласындағы ғылым мен техниканың жетістіктеріне байланысты. Кино алдымен өмір қажеттіліктерінің әсерінен пайда болды. Сол уақыттың әлемдік даму ерекшеліктері, кең ауқымды халық қозғалыстары, өмір динамикасының қарқынды дамуы, жер шарының бір шетіндегі оқиғалардың басқа бір шетіндегі оқиғалармен байланысы киноөнерінің пайда болуына әсер еткен шешуші факторлар болды.

«Стиль» сөзі бір жақты қаралатын ғылыми термин емес. Бұл терминді кем дегенде тіл білімі, әдебиеттану, өнертану және эстетика секілді төрт үлкен ғылыми пәндер қолданады. Зерттеу пәніне байланысты бұлардың әрқайсысының беретін анықтамалары әртүрлі. Бұл жайында академик В.В. Виноградов былай дейді: «Өнертану, әдебиеттану және лингвистика саласында стиль термині мен стиль түсінігіндей көп мағыналы, қарама-қайшылыққа толы терминді табу қиын» [1, 3 б.].

«Өнер тарихында, - деп жазады әлеуметтанушы К. Манхайм, - стиль ұғымы әрқашан ерекше рөл атқарды, әртүрлі өнер формаларында кездесетін ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жіктеуге мүмкіндік берді. Өнер стильдердің арқасында дамиды және бұл стильдер белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде пайда болады. Олар белгілі бір жолмен дамып, өздерінің ресми тенденцияларын анықтайды» [2, 73 б.]. Қазіргі заманғы өнер тарихы маңызды стильдерді жіктеп, оларды біртіндеп өзгеріске түсе бастаған жеке стильдер аясында қайта құрудың нақты әдістерін жасады. Нәтижесінде бұл уақыт өте келе стильдің толық өзгеруіне әкеледі.

Стиль аспектілерін тіл және өнер құбылысы ретінде екі негізгі санатқа бөліп қарастыруға болады. Екеуі де бір біріне ұқсамайтын түрлі категориялар, «стиль» термині мұнда өзіндік ерекшелігі бар омоним ретінде қаралады. Сөз өнері стилі бұл тұжырымға қарсы емес.

Әдеби стиль – бұл құбылыс, ал әдеби-көркем шығармадағы тіл кескіндемедегі сурет, түс, реңк, перспектива, музыкадағы гармония, ырғақ секілді эстетикалық категорияға айналады.

Ал енді біз стильдің екі санатының қайсысын талқылаймыз? Біз қандай стиль теориясымен айналысамыз – тілдік немесе өнер теориясымен бе? Біздің жұмысымыз көркемдік стиль теориясы болуы керек. Жалпы фильм стилі дегеніміз не және оған операторлық өнер ықпал ете ала ма деген сұрақтар туындайды.

Кино синтетикалық өнер түрі болғандықтан, оны бір бағытта зерттеуге, сараптама жасауға болмайды. Фильм түсіру кезінде оператор камера алдында болатын материалды дайындауы тиіс. Қозғалыс, жарық эффектілері, түс, актердің қимыл-қозғалысы, фондағы әрекет және т.б. белгілі бір мағынаға ие болғаны абзал. Немесе мұның барлығы сахнаның негізгі, сюжеттік маңызды мазмұнынан алшақтамауы үшін ұйымдастырылуы керек.

Оператор әр кадрды түсірген кезде, қазіргі пландардың алдында қандай план бар екенін және оған қандай жаңа кадр түсетінін елестетуі керек. Барлық негізгі белгілер бойынша, яғни қозғалыс қарқыны мен ырғағын, бағытын, актерлер мен фонның жарығы мен түсін, фонның негізгі элементтерін, актердің көзқарасын, әсіресе ірі пландарды түсіру кезіндегі монтаждық сабақтастықты елестетуі қажет.

Фильмнің стилін қалыптастыруда композиция өте маңызды. Латын тілінен аударғанда «композиция» сөзі құрастыру, біріктіру, байланыс дегенді білдіреді. Бейнелеу өнерінде композиция деп әдетте мүсін мен сәулет туындылары үшін сурет, қабырға, қағаз жазықтығында немесе кеңістіктегі кескін элементтерін ұйымдастыру әдісін атайды. Кейде өнер туындысының өзі «көркем композиция», «мүсіндік композиция» және т.б. деп аталады.

Жарықтандыру стилін сюжеттің дизайнына сәйкес келетін жарық шешімі табылғанға дейін ұзақ уақыт бойы жасауға болады. Бұл шешім нақты жарықтандырудың айқын заңдарына қайшы келуі мүмкін (мысалы, жақыннан түсірген кезде сіз жарықтың жалғыз көзі – терезенің орналасқан жеріне назар аудармай қалуыңыз мүмкін), бірақ сонымен бірге қимыл-қозғалыстағы көріністер ағынында ол табиғи көрінеді.

Операторлық жұмыстың жеке стилін композициялық «көзқарастың» белгілі бір түріне қатысты және жеке таңдау ретінде қарастыруға болады. Кейбір операторлар әдеттегіден гөрі тар бұрышты суреттерді қолдануды жөн көреді. Басқалары камераның күрделі қозғалыстарын ойлап табады немесе көрерменді ойландыратын, кескінді қиындатуға мәжбүр ететін түсініксіз суреттерді іздейді. Мұндай жағдайларда кадрлар тізбегіндегі композициялық сәйкестікте

мәселерер туындамайды, өйткені жеке таңдау немесе стиль түсірілім кезінде бірдей болуы керек. Мәселе кадрлар тізбегі визуалды үздіксіздікке ие бола алмай, оператор әртүрлі «көзқарастардың» арасынан өз жеке жолын таба алмаған кезде ғана пайда болады.

Кино – динамикалы өнер. Кинокомпозиция кеңістікте жасалады және ондағы динамикалық қозғалыс өте маңызды. Біз кинематографиялық композицияның динамикасына тамаша мүмкіндіктер беретін жарық-көлеңке тәсілін кинобейне жасауда ең оңтайлы тәсіл деп есептейміз.

Кадр дегеніміз – белгілі бір пропорцияда және қандай да бір форматта жасалған динамикалық картина. Оператор өзінің кадр-картинасын қатынасы 1:1.33 болатын тік төртбұрышта жасайды. Тек кинокадр құрылымы жағынан кинетикалы екенін естен шығармаған жөн. Бір объект, мәселен, қозғалыстағы фигураның кадр ішінде сұлбасы ғана көрінуі мүмкін немесе жарық мол түсіп тұрған аймақтан тек майшамның жарығы бар бөлме ішіне өтуі мүмкін.

Киноактер көрерменнің алдында емес, киноаппарат пен режиссердің алдында ойнайды. Актердің ойыны киноательеде, күрделі жағдайда жүзеге асырылады және бірде актер ойынын шектейтін, енді бірде шексіз мүмкіндіктер ашатын бірқатар техникалық шарттарға бағынышты болады. Көрермен кинодан тірі актердің өзін емес, оператор жасаған экрандық бейнесін көреді, фильмдегі композициялар мен барлық элементтерді монтаждау арқылы жасалған актер сомдайтын кейіпкердің кескін-келбетін қабылдайды.

Осылайша фильмде режиссер мен оператордың еңбегіне, сценарий драматургиясына негізделген актердің экрандағы бейнесі жасалады. «Актер жұмысының шарықтау шегі деп есептелетін сахналық бейне актердің экрандық, яғни монтаждық бейнесіне айналады. Тірі адамға қолдануға болмайтын, бейнелілік жағынан техникалық өңдеуден өткен еңбек нәтижесі таспаға біржола және мәңгілікке жазылып алынады» [3, 50 б.].

Оператор тарапынан жасалуы мүмкін ең басты қателік – дөрекі техникалық тәсілдердің кесірінен актердің экрандағы ішкі жан-дүниесін жоғалтуы. Өкінішке қарай, кейде актер дайындық барысында асқан шынайылықпен ойнайды да, нағыз түсірілім кезінде (әрине экранда да) ол ойыннан ештеңе қалмайтын жағдайлар болып тұрады.

Оператордың ең басты әрі негізгі міндеті – актердің сырт келбеті мен ішкі жан дүниесін экранға көшіру. Бұл қиын шаруа екені белгілі. Оның қалай жасалатынын түсіндіру оңай емес. Актер сомдап отырған бейнені операторлық тәсілдермен «ерекшелеу» теориясы бар. Бұл теорияны жақтаушылардың пікірінше, оператор «бейнеге жұмыс істейтін» арнайы жарық эффектілерін шығаруы тиіс. Аталмыш

теорияның қисындылығы басым. Алайда бұл жолды ұстанғандар «көңілді, жарқын фотографиялар үшін жарықты үстемелеу, ал трагизмді ерекшелеу үшін жарықты азайту керек» деген ережеге саятын жалған тенденциялардан сақ болуы керек.

Оператор кадрда актер қандай бейнелеу құралдарымен жұмыс істейтінін білуі қажет (көзі, ерні, қолы және т.б.); осы жұмыс анағұрлым түсінікті, анағұрлым мәнерлі болатындай ракурсты ойластыруы керек; оператор көріністің мәні мен көңіл-күйін ашатындай фон мен объектіні өңдеу тәсілін табуы тиіс.

Фильм стилі ұғымы аясында суреттеме де (изображение) маңызды. «Восприятие света и цвета» атты еңбектің авторлары Ч. Пэдхем мен Дж. Сондерс бұл туралы былай дейді: «Суреттеме – фильмнің мәнерлі компоненттерінің бір бөлігі. Операторлық жұмыс – фильмнің бейнелеу (оптикалық) жағымен және оның техникалық фиксациясымен жұмыс жасайды» [4, 110 б.].

Оператордың кинодағы жұмысын кәдуілгі қылқалам шеберінің шығармашылық еңбегі деуге толық негіз бар. Себебі көрерменнің фильм түсіретін шығармашылық ұжымның ойын қабылдауы автордың, актерлер мен режиссердің еңбегін таспаға түсіру қабілетіне байланысты болады.

Кинематографиялық жарық – жарық дақтары мен сәулелерін тарата отырып, актердің декорациядағы қозғалысын үйлестіру болып табылады. Бұл қозғалыстағы жарық пен көлеңке үйлесімділігінің картинасын беруі тиіс.

Кинода әлі күнге дейін кездесетін бейнелеу өнерінен немесе фотографиядан енген тәсілдер негізінде құрылған статикалық композициялар әдісі кинематографиялық көркемдіктің күрделі мәселесін шешудің жеке тәсілі болып табылады. Бұның шешімін кадрдағы жарық пен көлеңке үйлесімділігі арасындағы фигуралардың қозғалысын құру арқылы табуға болады. Камера алдындағы нысанға үнемі жарық түсіп тұруы міндетті емес. Қозғалыс кезінде ол көлеңкеге кетуі мүмкін, бірақ бұл қозғалыс заңды, яғни мизансценаның логикалық тұрғыдан негізделген нәтижесі болуы керек.

Мұнда жарық пен көлеңке ара қатынасының көптеген нұсқасы болуы мүмкін. Бұл оператордың қалауына, түсірілетін кадрдың, көріністің, эпизодтың, кейде фильмнің жалпы және жеке міндеттері мен мазмұнына байланысты болады. Жарық пен көлеңкенің ара қатынасын реттеу – операторлық өнердің негізгі құралдарының бірі.

«Соңғы 100 жыл ішінде кино өнерінде белгілі бір жарықтандыру стильдері қолданылады. Ең дұрысы, кино көріп отырған көрерменнің назары оның қалай түсірілгені немесе қандай жарық түрі қолданылғанында емес, экрандағы оқиғаларда болуы

керек. Бұл ретте кинематографистер өте көп жұмыс істейді. Ең басты мақсат – экранда болып жатқан оқиғаны шынайы қабылдап, сезіну, режиссер және түсірілім тобының жасаған әлеміне саяхаттау» [5].

Кино теоретиктері мен фильм түсіретіндердің ұсынғаны – осы медиа эффектке жету жолдарының бірі ретінде жарықтандыру теориясын қолдану. Кинематографияның алғашқы күндерінен бастап жарық негізгі элементтердің бірі болды. Шынайы өмірдегідей экрандағы қозғалмалы бейне үшін де жарықтың орны ерекше. Жарық дегеніміз бұл көзге көрінетін электромагниттік толқындар. Адамдар заттарды көрмейді, біз жарықтың заттарға шағылысып, көз қарашығы арқылы өткен жарық толқындарын көреміз. Ал ми әлемді 3 өлшемді деп түсіндіреді. Бейнені объектив арқылы пленкаға түсіруге қабілеті бар камера адам көзінің моделі іспеттес. Бірақ камера кескінді тек екі өлшемде шығарады. Үш өлшемді кескіндер жасау және көрерменге болып жатқан оқиғаны немесе сюжетті түсіндіруге көмектесу үшін, жарықтандырудың нақты теориясы мен практикасын дамыту бойынша қарқынды жұмыс жүргізіліп келеді.

Комедия, драма, мелодрама, ғылыми фантастика және мистика сияқты жанрлар адамзат өнері тарихының алғашқы формаларынан анықталды. Кино сияқты жарықтандыру теориясы да дамыды, әртүрлі жарықтандыру әдістері қолданылып, аудиторияның эмоциялық реакциясын ояту және оқиғаны түсіндіруге көмектесу үшін әртүрлі әдістермен байланысты болды.

Кинооператордың стилі фильмнің жанры мен режиссерлік стильден өзгеше. Мысалы, сюрреальды фильм түсіре аласыз, бірақ кинематографияға келетін болсақ, адам көретін түске байланысты стильдердің шексіз саны болуы мүмкін. Және бұл жіктеу негізінен жарықтандыру теориясына негізделген.

Стильдерді жіктеу үшін кез-келген кинематографиялық элементті қолдануға болады. Мысалы, кең бұрышты линзалар, композиция, камераның қозғалысы секілді шексіз мүмкіндіктер бар. *Бірінші* – натуралистік стиль. Мұны деректі стиль деп те атауға болады. Кадрлары арзан бейнекамераға, бейнебақылау камерасына немесе басқа да тұтынушылық құрылғыға түсірілген сияқты әсер береді. Мысалы, хоррор жанрында түсірілген «Синистер» (реж Скотт Дерриксон) фильмінде басты кейіпкердің кездейсоқ видеокассеталарды тапқаны – бұл стильдің керемет үлгісі. Сол кадрлар арқылы оқиға желісі ашылып, қылмыс құпиясының басты дереккөзінің бірі болады. Тұрмыстық бейнекамераға түсірілгендіктен, натуралистік стиль көрермендерге шынайы болып көрінеді. Натуралистік стильдің ең айқын белгісі – жарық құрылғыларының болмауы немесе кем дегенде –

иллюзияның пайда болуы. Міне, оны келесі, *екінші түрі*, шынайы стильден ерекшелендіреді.

Шынайы стиль – бұл кинематографиялық әдістермен реализмді бейнелеу. Біз көрген фильмдердің көпшілігі осы стильде түсіріледі. Бұл стильдің мақсаты – көрермендердің болып жатқан оқиғаға шынайы сеніп, фильмде қолданылған кинематографиялық тәсілдерге, операторлық жұмысқа назар аудармауы. Жарықтандыру табиғи көрінгенімен, бірақ кинематографиялық және әр кадрдың өндірістік құндылығын арттыруға бағытталған. Шынайы стиль – бұл дәстүрлі кинематографиялық мағынада композиция мен жарықтың өзара әрекеті. Бұл жерде жарықтандыру стильдің көрінісінен гөрі, функционалдық рөл атқарады. Мысалы, «Менің атым Қожа» фильміндегі Михаил Аранышевтың қойған жарығы қарапайым мектеп оқушысының өмірін шынайы жеткізе алған және кеңестік кезеңдегі қазақ ауылдарының бірінің тұрмысы бейнеленген. Үйдің ішінде, мектеп кабинетіндегі жарықтандыру стилі шынайылыққа жақын болғандықтан, біз де көрермен ретінде сол оқиғаның ішінде жүргендей сезінеміз.

Үшінші стиль түрінде жарық мөлшері көп, көлеңкесіз түсіріледі. Біз оны – жоғары кілт (high key) деп атаймыз. Ол көбінесе 1930-1940 жылдардағы классикалық Голливуд фильмдерінен бастап, негізінен комедиялар мен мюзикльдерде қолданылады. Жоғары кілт көбінесе тазалықты, қарапайымдылық пен жеңілдікті көрсету үшін қолданылады. Кадрдың алдыңғы планы да, ортаңғы, артқы пландары да жарықтандырылған. Бүгінгі таңда «жоғары кілтті» комедия жанрында, ситкомдар мен музыкалық бейнебаяндарда жиі қолданылады. Мұндағы мақсат – алаңсыз атмосфераны сақтау. Бұл кездейсоқ емес. Мұндай көріністі алу және оны бүкіл фильмде сақтау үшін жарықтандыруды мұқият дайындау керек. Тағы бір мысалы – балаларға арналған мультфильмдер мен сұлулық жарнамаларын айтуға болады. Олардың барлығы бақыт пен қуаныш сезімін жеткізу мақсатында түстері өте қанық және көлеңкесіз түсіріледі.

Неміс экпрессионизімінің киноға қатты әсер еткен стиль түрі – *экспрессионистік стиль.* Ерекше контрастқа баса назар аударылған «Доктор Калигаридің кабинеті», Фриц Лангтың «М», голливудтың нуар фильмдерінде осы стильдің элементтері бар. Экспрессионистік стильдің мақсаты – жарықтандыруды аз пайдалану, жарық пен көлеңке контрастының жоғары болуы. Бұл кескіндеме мен бейнелеу өнеріндегі классикалық экспрессионистік стильден шыққан. Нәтижесінде фильм атмосферасында әрдайым мұңды, қайғылы сезім пайда болады.

Сондай-ақ, Дэвид Линчтің фильмдерінде де экспрессионистік элементтер жиі кездеседі. Ол кинематографияның осы стилінің бөлігі

ретінде қос экспозиция (двойная экспозиция), еріту (растворение) және жыпылықтау (мигание) сияқты камераға салынған эффектілерді қолданады. Көбісі Линчтің киносын сюрреалистік деп атайды, бірақ кинематографиялық дәстүр бойынша экспрессионистік болып табылады. Тағы бір режиссер Дарио Арджентоны көпшілік сюрреализм бағытының өкілі деп атайды. Бірақ оның фильмдерінің түсі экспрессионистік болып табылады. Экспрессионизмге негізінен жарық пен түс арқылы қол жеткізілсе де, «Чунгкинг экспресі» фильмінің кейбір көріністерінде ысырма жылдамдығы немесе кадр жылдамдығы сияқты камера трюктерін де қолданады. Тіпті баяу қозғалыстың өзін экспрессионистік стиль деуге болады. Экспрессионистік стильге камерада немесе монтаж өңдеуінде де қол жеткізуге мүмкіндік бар.

«Стильдендірілген» – операторлық стильдің бесінші түрі. «Стильдендірілген» сөзін қолданған ыңғайлы сияқты, өйткені фильм жасаушылар арнайы стильге назар аударту үшін таңдалынған түсіру әдісі. Мысалы, «Күнәлар қаласы» (реж. Фрэнк Миллер) фильмінде экспрессионистік жарықтану үлгісін көрсеткенімен, түсіру стилі оны анимациялық фильмге ұқсайтын деңгейге жеткізген. Мұндағы мақсат – шындықтың стилистикалық көрінісін ұсыну. Тағы бір мысал – Уэс Андерсонның кейбір фильмдері таза стильдендіріліп түсірілген. Бірақ бәрі бірдей емес. Андрей Тарковскийдің фильмдерінде бірнеше стиль болуы мүмкін. Мысалы, «Сталкерде» стильдендірілген де, сондай-ақ нақты шынайы кинематографиялық стиль де бар.

